

Индекс 75579

*«Қайтер тағи көбейеді, Сарыарқаны тастамайды»
дейді «Алтын дала» мемлекеттік табиғи
резерватының қызметкері Балғабай Бекмағамбетов.*



Жас өркен Қостанай

e-mail:mediacentr_kgu@mail.ru



«Өмірге аттандық, жебей жүр, Ахмет ата!»

Биыл А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін 1087 түлек бітірді

**4
2015**

Аманғали Сегізбаев

Журналист, ақын, жазушы Аманғали Сегізбаев 1897 жылы Қостанай облысының бұрынғы Орджоникидзе қазіргі Денисов ауданындағы Ақсу колхозында туған. Кедей шаруаның баласы жастық шағын қиыншылықпен, жоқшылықпен өткізеді. Ауылға шақырылған татар молдасынан сауатын ашып, ауылдағы бастауыш мектепті бітіреді. Троицк қаласындағы Зейнолла ишанның медресесінде оқып, одан кейін «Уәзипа» медресесіне ауысып, оны жақсы бағамен бітіреді. 1919 жылы Қостанайда ашылған журналистер институтын бітіреді. Еңбек жолын осы қаладағы мектепте ұстаздықтан бастайды, одан кейін уездік оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет істейді.

Аманғали Сегізбаев тырнақалды поэзиялық шығармаларын үлгілі мектепте ұстаздық еткен кезде жаза бастайды. Ол табиғат лирикаларымен қатар, ел аузындағы аңыздарды арқау етіп алып «Аршалы бойында» атты поэма жазады. Оның осы поэмасы және «Жаңбыр соңында», «Таң атқанда» өлеңдері кезінде «Қызыл Қазақстан» журналында басылады.

Аманғалидың қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі мол. Ол 1923 жылдан бастап мерзімді басылымдарда жұмыс істейді. Осы жылы Орынборда жарық көрген «Жас қазақ» журналының жауапты хатшысы, 1924 жылдан бастап «Еңбекші қазақ» газетінде редактор, Семей облыстық «екпінді» газетінің жауапты хатшысы, республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің қызметкері, Жамбыл облысындағы меншікті тілшісі болған. Сол тұстарда оның өлеңдері, фельетондары, әңгіме-очерктер жиі жарияланып тұрған. Қарымды қаламгердің шығармалары тіл шұрайлылығымен ерекшеленетін.

Аманғали Сегізбаев 1942 жылы соғысқа аттанады. 1944 жылы Кенісберг қаласын жаудан азат ету үшін болған ұрыста ерлікпен қаза табады. Оның 1977 жылы «Жазушы» баспасынан «Дала жұлдыздары» атты очерктер мен әңгімелер жинағы жарық көреді.

Аманғали Сегізбаев туралы сұхбатты журналдың 20-21 беттерінен оқисыздар.



Құйынның әлегі

Сарыкөл ауданының орталығындағы стадионда аудандық спартакиада өтіп жатқан болатын. Негізі спартакиада аудандар үшін жыл бойы күтетін жаздың негізгі мерекесінің бірі. Сарыкөлдiктер де түс әлетінде спорттық жарыстарды қыздырып, мереке қызығын алаңсыз тамашалап жатқан еді. Күн ыстық, аспан шайдай ашық, тынық. Бір кезде алыстан шаң көрінгендей болды, оны стадионда спорттық жарыстар қызығына түскен жұрттың көбі байқай да қойған жоқ. Әлгі шаң стадионмен қатар орналасқан саябақтың қасына келгенде стадиондағылар шаңның тым аспандап, қоюланып кеткенін байқады. Бірақ не болғанын өздері де түсіне алмай қалды. Жұрт таңырқап қарап үлгермей-ақ, стадионда аламан-тасыр басталды да кетті. Мерекеге тіккен киіз үйдің түңілігі мен туырлығын жұлып тастады. Сусын, түрлі тағам сатылатын екі сауда шатырының пластиктен жасалған терезелер, шатырлары қирап, сынықтары аспанға ұшты. Тоңазытқыштарды көтеріп, біраз жерге апарып лақтырып тастаған. Шатыр ішіндегі сатылатын тағамдардың түр-түрін, тіпті пісіріліп жатқан кәуаптарды, сатушылардың саудадан түскен ақшаларын, басқа заттардың барлығын жұрт аспаннан көрді.

Сарыкөлдiк әріптестеріміздің айтуынша, осының барлығы санаулы минуттарда ғана болып, қара құйын жыландай жылжып жүре берген.

– Ирелеңдей жылжыған құйын өзенге барғанда суды қалалардағы су бұрқақ секілді шашыратып аспанға атты, – дейді Сарыкөл ауданының тұрғыны Айгүл Жуаспаева.

Табиғаттың тосын мінезінен зардап шеккендер де аз емес. Екі жасар ба-

ланы құйын анасының қолынан жұлып алып, ұшырып өкеткен. Тез арада жеткен «жедел жәрдем» дәрігерлері баланы ауруханаға салып, үш күн емдеді. Аудандық аурухана дәрігерлерінің айтуынша, бала ішінен жарақат алған, бүйрегі ауырып қалған. Бірақ жағдайы қалыпты, өміріне қауіп жоқ. Сонымен қатар ауруханаға жамбас сүйегі жарақаттанған, ұшқан заттар тиіп, жарақат алған, денесін жырып кеткен кісілер де болды. Түрлі деңгейде зардап шеккен он екі адам аурухана көрінген. Сондай-ақ дәрігерлер стадионда адамдарға көмек көрсеткен.

Сарыкөл ауданы орман-тоғайы мол өңір. Табиғаттың мұндай тосын мінезін бұрын көрмеген сарыкөлдiктер үшін алапат құйын түс көргендей болып қалды.



«Жас өркен»-ақпарат

РЕДАКЦИЯНЫҢ
МЕКЕНЖАЙЫ:
11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 220 бөлме.
Медиа – студия.
«Жас өркен - Қостанай»
журналының редакциясы.
Байланыс телефондары:
қалааралық
8-7142-51-11-67,
Факс 51-11-95
Ұялы 8(701) 1509443

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.
Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады.
Бағасы келісімді.
«Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз:
РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті»
ИИК KZ83856000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК KСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.
110007, Қостанай қаласы,
С.Мәуленов көшесі, 16.
Басуға 03.07.15 ж.
қол қойылды.
Көлемі 32 бет,
Офсеттік басылым.
Тапсырыс № 3075
Таралымы 1200 дана.

Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

Мөлдір махаббат

Әңгіме

(Басы 2-3 санда)

– Мама, сол жақта жарыс болады, оқудан ғой, білімнен. Тілеген ағай өзі апарды. Біздің сыныптан бес бала барамыз бір топ болып. Мама, енді жіберіңізші, бәрі бара жатыр ғой.

– Қандай бес бала? Оларды мамалары жіберіп жатыр ма екен?

– Иә, анашым. Ақжан, Ғани, Жасұлан, Айнұр сосын мен, бесеуіміз.

– Төбеден жай түскендей болды ғой, балам?!
Барсаң барып қайт, балам. Бірақ мен ағайыңнан сұраймын, өзіміздің Тілеген ғой, қарап қой деп тапсырармын.

– Рахмет, анашым! Сізге сыйлық әкеп беретін боламын!
– Балам, өзің аман-есен келсең болғаны маған, – деп, анам маңдайымнан сүйді. Анашым бір жаққа кетер де ғана сүйеді мені. Өзі ұл балалар ұяңбыз ғой. Анамызға шын жақсы көретінімізді айтуға қысыламыз ба, ұяламыз ба, сондай бір жаман қасиетіміз бар. Әйтпесе, ана, шіркін, сенің орныңды басар жан жоқ ғаламда. Кейде бір мұңайған сәттерде есіме анашымды аламын. Бар жұбанышым – анашым. Әкем бізді тастап кеткенде мен екі жасар едім. Сол себептен отбасымда екі-ақ адам, анам екеуіміз. Бар қуанышты екеуіміз ғана, тіпті қайғыны да анаммен тең бөлетініміз. Адам болып ер жетуім де ана бір сен үшін еді, өзіңді бақытты етіп, мен үшін киналған күндердің, ауыр кезеңдердің жүгін өзің жалғыз көтеріп төзе білген сәттерің үшін өзімнің жетістігіммен марапаттағым келеді сені, анашым! Күт, анашым, ол күндерде алыс емес!

Анамның келісімін алып, келесі күні сабаққа келдім. Тілеген ағайға ата-аналарымыздың жауабын айтып, бір қуанып тастадық. Ағай:

– Тіпті жақсы болды. Онда бүгіннен бастап дайындықты бастаймыз. Сабақтан кейін жылдамырақ үйлеріңе барып, түскі астарыңды ішіп, сағат үшке таман мектептің концерттік залында жиналыңдар, жарай ма? – деді. Біз беріміз бірге бас ізеп келісіп «жақсы, ағай» деумен тарқастық.

Сабақтан соң үйге келіп, асығыс жүріп кішкене дәм ауыз тиісімен, мектепке қарай жүгірдім. Дәлме-дәл ағай айтқан уақытпен тура келдім. Бірінші күнгі дайындықтан қалып қойсам ұят болар деп өзіме ақыл айтумен болдым. Сонымен алғашқы дайындық та басталып кетті. Сайыс ережесі бойынша топты, өңірді таныстыру екен, алдымен содан бастадық. Өзімізше түрлі таныстырулар дайындап, бірнеше керемет нұсқасын ұсынып, ерекшеліктер өңгізіп, қызу дайындалдық. Көптеген шаруалармен айналысып, уақытты тиімді пайдалана білдік. Бос отырған адам қалмады. Беріміз де әйтеуір бір жұмыспен әлек болып, тыным таппай еңбек еттік. Сөйтіп жүріп, уақыттың зымырап өте шыққанын да аңғармадық. Қас қарайып, кеш те батып қалған екен. Күн қызарып қызу тіршілікпен қош айтысып барады. Тілеген ағай сол арада сағатына қарап:

– Бүгінге осы жетер, балалар. Ертеңге әр кім өздеріне берілген тапсырманы орындап, сөздеріңді жаттап келсеңдер жақсы болады, – деп, шығарып салды.

Сырт киімімізді киіп, заттарымызды алып шықсақ, дала тас қараңғы. Ал біздің мектеп шағын орман іспетті қарағайлардың ортасында орналасқан. Қараңғыда жалғыз адам жүріп өтуге шамасы жетпестей қорқыныш ұялататын көрініс. Құзғын қарға, шау қарғалар қаңқылдап маза берер емес. Арамыздағы екі қызды жалғыз жібермесіміз анық. Шығарып салып қайтып келу үшін де біраз батырлық керек. Нәп-нәзік үлбіреген жас сұлулардың қараңғыдан қорқатыны түрінен байқалды. Сыртқа шығып сәл кідіріп қалғанымыз сол-ақ еді, Жасұлан өзімен бір көшеде тұратын Айнұрды қолтықтай алып, бізбен қоштасып қап-қара түнекке кіріп жоқ болып

кетті. Сырттарынан қарасаң кім-кімді шығарып салып барады екен деп қаласың? Жасұлан біреуге зиянын тигізер бала емес. Денесі де шағын, бойы да аласа, өзі пысық бала. Көңілі ашық, ешкімді ренжітпейтін. Сол түріне қарап бірінші болып Айнұрға жабыса кетуі де сол шығар. Сөйтіп екеуі үйлеріне кетті. Соңдарынан қарап, үшеуіміз қалдық. Ғани сәл күрсінді де, лезде:

– Жақсы, досым, мен кеттім. Үйге барып демалайын. Мен ләм-мим деп үлгермедім, ол тез жүгіріп кетті. «Мұнысы несі?» дедім Ғанидың. Екеуіміз бір көшеде тұратын едік. Жақсы қалағаның болсын деп, асықпай жүре бергенім сол еді, артымнан бір дауыс «сау бол, Ержан» деді. Қарасам Ақжан екен. Қолын булғап кетіп бара жатыр. Дала болса түн болып қалды. Мектеп алдындағы жарықтың тасасынан шығып, қараңғыға еніп барады. Ғанидың тездетіп кетіп қалғанын енді түсінгендеймін. Маған Ақжанды шығарып салсын дегені ғой. Ақжанға көңілі бар деп ойлап жүр, шамасы, достым. Жарар, шығарып салайың, қыз бала ғой, бәлкім қорқып бара жатқан болар. Деруе «Ақжан!» деп айғайлап, соңынан жүгірдім. Ол жалт бұрылды:

– Жүр үйіңе жеткізіп салайың, кеш батып қалды ғой, – дедім, ол қуанғаны түрінен байқалып, жүзінен жылу шашып, күлімсіреп:

– Жақсы болар еді, – деді. Екеуіміз қатарласа жүріп келеміз. Үйі де мектептен алыс емес-тін. Арамыздағы үнсіздікті бұзып кішкене әңгіме бастадық.

– Көше толы қабаған иттер, түрлі бұзақылар көп. Тиісіп мазаңды алар дедім. Әйтпесе, жігіттің алыста ғой.

– Жігітім жоқ менің, – деді ол.

– Өткендегі Мұрат кім? Бекерден-бекер жазбадың ғой параққа есімін...

– Ол жай, мән бермей-ақ қой.

– Дұрыс-ақ, менікі өзіл. Әңгіме болсын деп.

– Сен біреуді ұнатып жүрсің бе? – деді, Ақжан. Мен кібірткітеп қалып:

– Жоқ, сірә, жақын арада ешкімді ұната қоймайтын сияқтымын, – дедім, ол да қызығушылық білдіріп, бірден «Неге?» деп сұрады. – Сен жаралап кеткен жүрегім әлі жаралы емес пе, білмейсің бе? – деп күлдім. Ол да:

– Ол кезде кішкентай едік, махаббаттың не екенін білмейміз, жүрегіңді қайтып жаралайтынын. Сол күндер келсе қайтадан, – деді, Ақжан күрсіне дем алып.

– Бәлкім, келер...

Тағы да үнсіздік орнап, ақылымызбен мылқау тілдесіп келеміз. Сол қалыппен біраз жүріп, Ақжанның үйіне де жетіп қалдық. Ауласында жарық жанып тұр, үйіндегілері Ақжанды күтіп отыр, шамасы. Көп ұстап үй-ішін алаңдатпайын деп қысқа қоштастым. Әйтпесе, Ақжан бастаған өткен күннің әңгімесі менің де ішіме жылу сыйлап, ұнағандай болды. Тағы да қозғап, сол жайлы айта бергім келді ерекше. Бірақ, болашақта бір жөні болар деген ниетпен киінге қалдыруға бел будым.

– Жақсы, Ақжан. Әрі бармай-ақ қояйың, ата-анаң көрсен дұрыс түсінбей қалар. Ертең кездесеміз ғой.


– Рахмет саған, Ержан. Тоңып қаласың, сен де тезірек үйіңе бар, – деп, жаны ашығанын білдірді. Сөздерінен қамқорлық байқалып, ерекше күйге қалдырып қоя бердім. Жаныма жақсылық тілеп тұрғаны өзіне баурап, бұл әлемде Ақжаннан басқа адам мені ойламайтындай көрінді. Осы бір сөзі маза бермей, «мені ойлайды ма екен, маған жаны ашиды ма екен?» – деп, өзіме іштей сұрақтар қоюмен, үйіме қалай жеткенімді аңғармай қалдым.

Кенже ОРАЛҰЛЫ

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады

Жас өркен Қостанай

№ 4(77) шілде-тамыз 2015 жыл



МЕНШІК ИЕСІ:
Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кенжеғали САҒАДИЕВ (төраға)
Төлен ӘБДІКОВ
Хұсайын УӘЛИЕВ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Асқар НӘМЕТОВ (төраға)

Амангелді ШӨРЕНТАЕВ
Медиа-студия менгерушісі

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА
шығарушы редактор

Роза КӨБЖАНОВА
менеджер-дизайнер

Гүлнұр КӘКІМБЕК
бас маман

Журнал ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 18 қарашада тіркеліп, 3386-Ж куәлігі берілген. Екі айда бір шығады. Редакцияға келіп түскен хаттар әдеби өңделді, қысқартылады, ойы сақталып түзетіледі. Көлемі үш компьютерлік беттен асқан материалдар қабылданбайды.

Сен дер едім

Әнім қалса төгіліп елде менің,
Дәнім қалса себіліп жерде менің,
«Жүзеге асты арманың қалай?» – десе
Ата заңым, асырған сен дер едім!

Жүргізетін өмірдің дөңгелегін,
Ата салты, дәстүрім – ең керегім.
«Тіршілікке нәр берген кім?» – дегенде,
Ата заңым, қуатым сен дер едім!

Аға сөзін құптаймын, жөн көремін,
Талай істі қапысыз менгеремін.
«Мұның бәрін үйрендің кімнен?» – десе,
Ата заңым, үйреткен сен дер едім!

Өріс кеніп, толеа егер төлге жерім,
Аққу жүзсе жұптасып көлде керім,
Сұлулықты нажайып тұрған сақтап,
Ата заңым, қорғаным сен дер едім!

Сары алтындай жарқырап белдегі егін,
Шалқын жатса ырысым жерде менің,
Қасиетті бастауы қазынамның,
Ата заңым, әрине, сен дер едім!

Әлдилесе мәңгілік жер бөбегін,
Той-думанды әлі де көрмек елім.
Тыныштықтың бесігін тербететін,
Ата заңым, киелім сен дер едім!

Ақылбек Шаяхмет



Дамуға даңғыл жол салатын 100 қадам

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының сессиясында өзінің сайлауалды бағдарламасы ретінде 5 реформаны жариялаған болатын. Оның біріншісі – мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау. Екінші реформа – сот жүйесін жетілдіруге бағытталады. Соның ішінде әділ сот төрелігі инвесторлар мен бизнес үшін қолжетімді болып, жекеменшік құқығына мән беріледі. Үшінші реформа – экономикалық көшбасшы беріктігін қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы реформалар ұлттық экономиканы білімге негізделген озық экономикаға айналдырады. Нәтижесінде қазақстандықтардың тұрмыс жағдайы жақсартылады. Соның ішінде индустрияландыруға негізделген экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін Қазақстанда түбегейлі құрылымдық реформалар жүзеге асырылады. Төртінші реформа – біртектілік. Бұл бірдей құқық пен бірдей жауапкершілік алатын халықтың бірлігі. Осындай бірлік пен берекені қамтамасыз ету арқылы Мәңгілік Ел идеясы толық жүзеге аса түседі. Бесінші реформа – мемлекеттік аппараттың жұмысын мейлінше ашық етіп, азаматтарға есеп беретіндей деңгейге жеткізу. Мемлекет жинақы болып, өкілеттіктердің көбі жеке секторға беріледі.

Елбасы осы реформалар экономиканы, әлеуметтік салаларды, жалпы елді, ұлтты жаңғырту үшін жасалып отырғанын айтқан болатын. Сол үшін Мемлекет басшысының бастамасымен Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Оның бірінші отырысында Елбасы «Мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы» атты Ұлт Жоспарын ұсынды. «100 қадам» – бұл біздің жаһандық және ішкі сын-қатерлерге, сонымен бір мезгілде жаңа тарихи жағдайларда 30 дамыған мемлекеттің қатарына ену жөніндегі жоспарымыз. Реформаларды жүзеге асыру – алда тұрған 10-15 жылға бірінші кезекті жалпыұлттық міндет. Мен реформалар жоспарын Ұлт Жоспары деп атадым, өйткені, реформалар Қазақстанның әрбір азаматының тікелей қатысуын талап етеді. Реформалар – тек мемлекеттік машинаның ғана емес, халықтың ісі. Реформалардың мәні – ұлтты жаңғыртуда» деп түйіндеген болатын Нұрсұлтан Әбішұлы.

«100 нақты қадамда» реформаны жүзеге асыру үшін не істеп, не қоятынымыз бүге-шігесіне дейін түсіндіріліп, анықталып отыр. Оны тек ғана адалдықпен, патриотизммен жүзеге асырсақ болғаны. Алайда, Елбасы елде бұрын-соңды жасалмаған іс болғандықтан, оларды жүзеге асыру оңай да болмайтынын ескертті. Сондықтан оның орындалуын Елбасы өзі назарда ұстап, бақылайтын болады.

Ұлт жоспары болып табылатын «100 қадамның»

ішінде ел экономикасын индустрияландыру, кәсіпкерлер ісіне жол ашу басты қадамдардың бірі ретінде айтылған. Соған орай Қостанай облысы әкімінің орынбасары Сергей Карплюк сөз алады.

Сергей КАРПЛЮК,
Қостанай облысы әкімінің орынбасары

Е л б а с ы Нұрсұлтан Назарбаев ұлтты жаңғырту үшін жасаған бес институционалдық бағдарлама арасынан «Экономикалық көшбасшы беріктігін қамтамасыз ету» деп аталатын үшінші реформаға тоқталғым келеді. Бұл реформаға экономикалық өсу туралы бірнеше қадам кіреді. Алдымен 54-қадамды алайық. Ол: «кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес омбудсмен институтын нығайту. Жаңа институт құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді» деген тапсырмадан тұрады. Бұл органның тікелей Қазақстан Республикасы Президентіне бағынатынын айтқым келеді. Бизнес омбудсменнің қызметі-бизнестік ортаны жеңілдетіп, жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін әкімшілік кедергілерді азайту болып табылады. Жергілікті жерде бұл қалай жүзеге асуы тиіс? Жергілікті жерде бизнес-омбудсменнің құрамына атқарушы органдардың өкілдері енуі тиіс. Олар бизнес проблемаларын, өзекті деген мәселелерді тиісті уақытында сезіп, кедергілерді жойып отыруы керек. Әрине олар мұның барлығын Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік» туралы және басқа заңдары аясында атқарады.

Экономиканың кез келген секторы жаңа идеяларды, жақсартуды, жаңа ізденістерді, инвестор тартуды қажет етеді. Осының барлығы бүгінде экономиканың туризм саласында көрініс табуын қалайды. Бұл да «100 қадамнан» тыс қалмаған. 57-қадамда «Туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторлар тарту» керектігі айтылады. Кәсіпкерлер үшін туризм саласы жаңа тың секілді. Ол үшін біздің өңірде инвестициялық жағдай да жоқ емес. Олар туризм жөніндегі халықаралық форумдарға, көрмелер мен семинарларға қатысып, туризм бойынша мемлекет қолдап отырған инвестициялық жобаларды ұсынса, бұл өңірдің де, жалпы еліміздің де бет-бейнесін танытар еді, көпке мәшһүр етер еді. Бұл орайда ауызды құр шөппен сүртуге де болмайды, об-



Некесіз бала, жалғызбасты ана

Қазақ халқында бұрын қыз баланың кісі босағасынан аттамай тұрып, оң жақта отырғанда жүкті болуы өрескел ұят саналатын. Бүгінде бұл әрекет қалыпты тірлікке айналып бара жатқандай. Өзінің ардан аттағанына ешкім де қымсынбайтын болды. Себебі, өзге елдерде, соның ішінде рухани жадауланған Батыс елдерінен «көрген-түйгеніміз» мол.

«Жалғызбасты ана» тақырыбы қоғам дамуының бұрынғы кезеңдерінде жалпақ жұртқа жария етілмей, ұдайы бүркемеленіп келгені белгілі. Тіпті, бұл мәселе қазірде айтылса да, көп тереңдей бермейді, айтылады да қояды. Мұның өзіндік себептері де болуы мүмкін. Бір жағынан, некенен тыс бала тапқан бойжеткеннің ар-ұятын ойлағандық па, әлде оның «әулеттің сүйегіне таңба салғанын» елге жария еткісі келмегендік пе, әйтеуір, үлкендер жағы осы мәселені жауып қоя салғанды жөн көретін сияқты. Сонымен қатар қоғамдағы осы көрініске жұрттың «еті өліп» те бара жатқандай. Содан да болар, олардың жалпы саны қанша екені жөнінде еш жерден мәлімет таба алмайсың.

Бұл ұғымының мағынасы жалқы емес: жесір қалған, күйеуінен ажырасқан және оң жақта отырып «өзі үшін» бала тапқан жалғызбасты аналар болып бөлінеді. Дүниеге келген бейкүнә сәбидің тағдырына ешкімнің аяушылық танытпағаны таңғалдырады. Бір жағынан, кейбіріміз бауыр еті баласын қоқысқа тастап, не сырт елге сатып жүрген «аналардан» гөрі, әкесіз бала тауып, оны «өзім жетілдірем» деп «көрлік» істеген аналардың тірлігін де құптасақ болады. Мүмкін біреулердің бұған қарсы айтар уәжі де болуы мүмкін. Әркімнің өз пікірі, өз айтар ойы бар. Десек те, дүниеге келген сәбиге тек анасы тарапынан берілген біржақты тәрбие жеткіліксіз. Әке тәрбиесін көрмеген баланың өз құрдастарына қарағанда өзгеше, өз-өзіне деген сенімділік, табандылық, таңдау қабілеттері төмендеу болатынын педагогика ғылымы да дәлелдейді. Соған қарамастан, қоғамда осы жолды таңдаған аналар көп, тіпті, әлі де бола беретініне шөк келтіруге болмайды.

«Бала ата-ананың, үлкендердің өзіне жасаған әлімжеттілігін шарасыз, әрқашан көшіреді, одан басқа сәбидің қолынан келер ештеңе жоқ» деген еді бір таныс апай. Әкесі еркелетіп көтеріп бара жатқан қатарласына ұрлана қарап тұрған әкесіз сәбидің астан-кестең болған жан дүниесін кім түсіне алады? Анасы ақшасы көп жақсы жұмыста, лауазымдық қызметте істейді. Әкесіз жалғыз баласы ештеңеден мұқтаж емес. Бірақ жасауы жайнап тұрған үйдің қабырғасы балаға әке мейірімі жетпегендіктен суық, әке айбыны болмағандықтан жасық көрінетін шығар, бәлкім. Мен танитын бір қыздың ата-анасы студент кезде кездейсоқ кездесуден анасының

аяғы ауырлап, үйленгенімен, мінездері келіспей ажырасып кетіпті. Анасы қызына әкесін көрсетпейді, әкесіне де қызын көруге рұқсат етпейді. Қызын үлде мен бүлдеге орап өсірді, бетінен қаққан жоқ, ылғи шетелдің киімдерін киіп, қатарынан ерекше киініп өсті. Сол қыздың тағдыры да қатарынан «ерекше»



болды. Жалғыз қыз біріншіден шолжаң, ешнәрсеңіз қадіріне жетпейтін, анасының еңбегін бағаламайтын болып бойжетті. Өскен соң анасының табанына тас қойып, әкесін таптырып алды. Анасына ашу-ланса әкесіне тартып отыратынды шығарды. Бірақ әкесіне де сіңісіп кеткен жоқ, онымен де шаранасы келіспеді. Өйткені бала кезінен мейірімін көрмей өскен әке «қызым» деп қарсы алғанымен оған салқын болды, қызының да оған еркелегені «Түйе үстінен сирақ үйткендей» епетейсіз, жараспайтын. Әке мен қыз қанша талпынса да, тігісін жатқыза алмаған киімдей, бір ортақ шынайылыққа жете алмай-ақ қойды. Кейін қызы да оған баруды сиретті, өкенеңіз іздегені де шамалы болатын. Анасына да кінә арта беретін. Сол қыздың мінезі қанша шөлкес болғанымен мен сырттай оның осындай тағдырын аяйтынмын.

Өмірде мұндай тағдырлар өте көп. Анасы «өзі үшін» туған балаға дұрыс тәрбие берсе жақсы, ал бере алмаса әке тәрбиесінің орны ойсырап тұратын жағдайлар да кездеседі. Қайткенде де әкесіз өскен баланың іші жара болары, оның жазылуы да екіталай екені бар. Осыны әркім түсінетін секілді, бірақ оған қарап жатқан ешкім жоқ. Тамырымыздан босап бара жатырмыз ба деген ой әркімді мазаласа екен. Дәстүр-салты берік емес ұлттар жаһандану кезінде өзгелерге жұтылып кетеді дегенді саясаткерлер де, тарихшылар да көп айтады. Қыздың оң жақта отырып бала таппайтыны қазақтың халықтық педагогикасының басы болатын.

Жұпар ҚОЖАХМЕТОВА,
ҚМУ ГЭФ журналистика
мамандығының 2 курс студенті

Ақылбек Шаяхмет жырлары ағылшын тілінде

«Silk Road Media» баспа үйінің директоры Марат Ахмеджанов он жыл бойы Орталық Азия елдерінің ақын-жазушыларының шығармаларын Еуропа жұртына таныстырумен айналысып келеді. Бұл туралы «Добрые вести» сайты ақпарат жариялады. Олар жақында Лондонда азиялық жазушылардың жаңа кітаптары жарық көргенін хабарлады. Оның айтуына қарағанда, оқырман сұранысына ие болған ең танымал автор қырғыз жазушысы

Шыңғыс Айтматов екен. Оның шет тілде жарық көрген кітаптарының таралымы 600 мыңнан асып отыр. «Темір жол» және «Dead lake» атты хикая жазған өзбек жазушысы Хамид Исмаилов шығармаларының таралымы 50 мыңға жеткен.

Баспа директоры біздің жерлесіміз Ақылбек Шаяхмет шығармаларының таалымы 10 мың дана межеге жетіп, үшінші орында келе жатқанын жазды. Ақын өлеңдері 2011 жылы

Алматыдағы «Қазықұрт» баспасынан «Гуси-лебеди летят» деген атпен орыс тілінде жарық көрген болатын. Одан кейін Москваның «Худ. литература» баспасы шығарған «Жақұт жырлар» атты қазақ поэзиясының антологиясында да оның орыс тіліндегі жырлары жарияланды. Ағылшын тіліндегі кітапқа енген жырлар осы кітаптарға енген өлеңдерден аударылған.

«Жас өркен» -ақпарат

23 маусым –Қазақстан полициясының күні

Тыныштық күзетшілерінің мерекесі

Қазақстандық полиция күні еліміздің тыныштығын, тәртібін күзететін мамандық иелеріне деген барша қазақстандықтардың ризашылық белгісі іспетті. Сондай-ақ, бұл күні бейбітшілік уақытында еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, қоғамдық тәртібі үшін өз өмірін қиған қызметкерлерді еске алады. Қазақстандық полиция Қазақстан Республикасы Президентінің қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қойған барлық міндеттер мен мақсаттарды табысты жүзеге асырып келеді.

Қазақстан Республикасы ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында жыл сайын өтетін Қазақстандық полиция күніне арналған салтанатты мәжіліс биыл дәстүрден қалған жоқ. Аталған іс-шара алдында Академияның ардагерлері алаштың аяулы азаматы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ИМ еңбек сіңірген қызметкері, халқының құрметіне бөленген Шырақбек Қабылбаевқа арналған мұражайға экскурсия жасады.

— Бүгінгі таңда, осындай құрметті тұлғаның есімі Академияға беріліп отыр. Біз оған өте қуаныштымыз. Академияның болашақ офицерлері аты аңызға айналған Шырақбек Қабылбаевтың өмір жолы, Отанға, еліне деген борышы, ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін жақсы үлгі ретінде қызмет ететіндігіне сенімдіміз.— оқу ордасы ардагерлерінің бірі, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, отставкадағы әділет полковнигі Наталья Ким. Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Ербол Қаппасов академия ардагерлерін, профессорлық-оқытушылар құрамын және жеке құрамды қазақстандық полиция күнімен құттықтады және қылмыспен күрес қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау - полиция қызметкерлерінің кәсіби міндеті екенін айтты.

Полиция қызметкерлерін әрқашан олардың кәсіби шеберліктері, табандылығы мен қайсарлығы, өжеттілігі ерекшелеп тұрады. Бүгін мыңдаған қызметкерлер өзінің жоғары кәсіби мамандығына және қызметтік борышына адал, қоғам тәртібін қорғап, азаматтарда заңдылық күшінің сенімін қалыптастырып, адамдарға қиындықтарда көмек беріп, қызметін мінсіз атқарып жүр.

Академия тыңдаушыларына, яғни болашақ офицерлерге патриоттық сезімдерді жеткізуде, оларды адамгершілікке,



Отанды, елін сүюге, елінің аяулы да қырағы азаматы болып тәрбиелеуде жан-жақты көмек беріп, білім ордасының қоғамдық өміріне белсене атсалысқан ардагерлер академия бастығының грамотасымен марапатталып, оларға әсем гүл шоқтары тарту етілді. Мерекелік іс-шара барысында қызметтік міндеттерін адал атқарып, бірқатар жетістіктерге жеткен Академия қызметкерлері ҚР ИМ «ІІО үздігі» кеуде белгісімен, медальдарымен грамота, алғыс хаттармен марапатталды.

Концерттік бағдарламада «Қазақстаным, алға!», «Туған жер» әндері орындалып, жиналғандар мың бұралған биді тамашалады. Қостанай облысы ІІД қызметкері және «Патриоттық әндер» байқауының лауреаты Ербол Сейтмағамбетов «Сақшылар» өнін орындады Сондай-ақ, оқу ордасының сөні мен көркін келтірген тыңдаушы қыздардан құрылған «Дабылшы қыздар» взводы жуырда Астана қаласында өткен «Әскери керней» халықаралық фестиваліне қатысып, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардияның бас қолбасшысы генерал-лейтенант Руслан Жақсылықовтың қолынан марапат алып қайтты. Олар академия ұжымына әртүрлі жанрдағы өнерлерін тарту етті.

Орынбасар УАҚПАЕВА
Қазақстан Республикасы ИМ
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы

лыста қолға алынып жатқан шаруалар да бар. 2014 жылы туризмге қатысты құны 310 миллион теңге тұратын 8 жоба пайдалануға берілді. Кәсіпкерлер халықаралық туристік көрмелерге барып, облыстың туристік әлеуетін таныстырып жүр. Биыл мамыр айында Наурызым қорығының базасында ішкі туризмді дамыту туралы кеңес өткізілді.

Елімізде өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі өңірдегі туризм ісін дамытуға серпіліс беруі тиіс. ЭКСПО-ны ұйымдастыру және өткізу шаралары аясында

заманауи жабдықтар қойылған, жоғары сапалы өнімдердің түр-түрі өндіріледі, олар ішкі де, сыртқы да нарықтабәсекеге түсе алады.

Ұлт жоспарының 63-қадамында « ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЕКІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕРДІ ДАМУ. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТТЕ «АСТАНА БИЗНЕС КАМПУСТА» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ЗЕРТХАНАЛАР ОРНАЛАСТЫРЫЛАДЫ. Олар бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ, оларды коммерцияландыруға қызмет етеді. Нақты өндірістік жобаларды жүзеге асыру үшін инновациялық технологиялар парк жергілікті және шетелдік жоғары технологиялы компанияларды тартатын болады» делінген. Бұл бағыттағы жұмыстардың біздің облыстағы баламасы өңірдегі үш ірі жоғары оқу орны – Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай инженерлік-экономикалық университеті және Рудный индустриялық институты базасында біріңғай ғылыми-зерттеу орталығын құру болып табылады. Қолданбалы ғылымды дамыту, кадрлар дайындау, заманауи технологияларды енгізу және оны коммерциялау, сол



Қостанай қаласына жақын жерден, Тобыл өзені жағасынан этноауыл құрылысы түспек. Қоғамдағы бірлік, жарасым, Қостанай өңірі мен тұтас еліміздегі этникалық көптүрлілік шағын модельде көрініс табады. Этноауыл тек мәдени орталық ғана емес, туристік нысан да болып қалыптасады.

«100 қадамға» сыйдырылған Ұлт жоспарының әр қадамынан облыс өңірін гүлдендіруге, экономикасын дамытуға арналған бағыттарды табуға болады. Біздің өңір мал шаруашылығын дамытуға қолайлы екенін білеміз. Мысалы, 60-61 қадамдарда сүт және сүт өнімдері өндірісін, оның үш жыл мерзімде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз ету, сол сияқты ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту, өнімдерді экспорттау мәселесі айтылады. Шикізатқа бай біздің өңір осы қадамдарда айтылған мәселелерді қанттай етіп орындауға сұранып-ақ тұр. Жақсы мысалдар да бар. «Индустрияландыру картасы» бойынша ғана 12 жоба өндіріске жіберілді. Олардың шеңберінде тауарлы сүт фермалары, сүт және сүт өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар жұмыс істеп жатыр. Оларға

арқылы жалпы Қазақстан ғылымының дамуына, кәсіпкерліктің инновациялық және инвестициялық белсенділігін көтеруге ықпал –үлесін қосу бұл орталыққа жүктелген тапсырманың негізгілері болады. Ғылым дамыса, сол арқылы кәсіпкерлер белсенділігі артса, соның арқасында өңірде, жалпы елімізде жоғары сапалы өнім шығаратын кәсіпорындар көбейері хақ, олардың өнімі Қазақстан ғана емес, халықаралық нарықта да бәсекеге төзімді, сұранымға ие болмақ.

Редакциядан: Мақалада айтылған мәселелерді университетті биыл бітірген түлектер мен білім алып жатқан студенттер қаперіне алса дейміз. Бүгінгі студент–ертеңгі маман, кәсіпкер, менеджмент. Елді гүлдендіру және «Мәңгілік ел» идеясын болашаққа апару үшін алдымен экономика ырғақты дамуы тиіс. Оның қалай дамуы керектігін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 қадам» ұлт жоспары жіліктөгендей етіп, алдымызға тосып отыр. Бүгінгі сапалы білім алған студент ертең оны ұлт жоспарын жүзеге асыруға асығады деп ойлаймыз.

«Жақсы іс – жандануы тиіс»

дейді жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов

Жастар – елдің ертеңі, болашағы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында бағыт-бағдарлы сөз арнап отырады. Жастар саясаты Елбасы жүргізіп отырған саясаттың маңызды бөлігі саналады. Еліміздегі патриоттық тәрбие, білім, мамандық игеру, жұмыс табу секілді көптеген әлеуметтік мәселелердің барлығы да жастар өмірімен байланысты. Қостанай облысында жастарға қатысты осындай жұмыстар қалай атқарылып отырғаны жөнінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Кенеш Әлімжановпен журнал тілшісі сұхбаттасқан еді.

– Кенеш Ғалибекұлы, жастарға қатысты әлеуметтік мәселелердің шешімін табу үшін олармен жан-жақты жұмыстар жүргізілуі тиіс. Бұл белгілі жағдай. Осы орайда жастар ресурстық орталықтарының ролі қандай?

– Бүгінде жастар саясаты саласында ресурстық орталықтардың маңызы артып келеді. Олардың қызметі жастардың құқықтық сауатын көтеруге арналған. 2012 жылдан бері жастар бастамасы орталығы жұмыс істейді, олардың базасында жұмысқа орналастыру, волонтерлық, шығармашылық орталықтары тағы бар. Жастар бастамасы орталығы жергілікті атқару органдарына мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы тиімді құрал болып табылады. Қазір облыста бұл орталықтар әлеуметтік маңызы бар 10 жобаны жүзеге асырып отыр. Онда әсіресе, жастарды жұмыспен қамту, кеңестер беру, озық бастамаларға, КВН қозғалыстарының және шығармашылық жастардың дамуына қолдау көрсету басымдыққа ие. Сонымен қатар, облыс аудандары мен қалаларында жастармен күнделікті жүргізілетін жұмыстар жүйесін жолға қойған.

– Жастар бастамасы орталықтарында оларға түрлі кеңестер берілетіні жөнінде айттыңыз. Осыған анығырақ тоқталып кетсеңіз. Жастар бүгінде не туралы кеңестер сұрайды, оларды не мазалайды?

– Орталық аясындағы консультациялық орталық психологиялық кеңестен бастап, жалпы жастар саясатына қатысты түрлі мәселелерді қамтиды. Әрине, жастарды ең алдымен әлеуметтік мәселелер толғандыратыны жасырын емес. Баспана, жұмыс, білім алу мәселелері алдыңғы орында тұр. Қазір «Қол жетімді баспана», «Бизнес картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020», «Жастар практикасы», «Дипломмен – ауылға!» секілді жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды қамтыған әдістемелік база құрылды. Орталықтың сайтында онлайн кеңесші бар, онда жастардың сұрақтарына біздің мамандар жауап береді. Онлайн кеңесші көрсеткендей,



қазір жастарды жұмысқа орналасу, баспана алу мәселелері толғандырады. Сонымен қатар жастар шараларына қатысу туралы да көп сұрақтар қойылады.

– Жалпы қазір жастар белсенділігі қалай?

– Негізгі жастардың алға ұмтылысы жаман емес. Олардың азаматтық белсенділігін көрсету мүмкіндігін күшейту, оларды ізденістерге бастау үшін облыс қалалары мен аудандарында шағын гранттар жобаларын жасадық. Онда жастар акциясынан бастап, аула алаңын салуға дейін түрлі жобалар бар. Қазір грант алуға 10 арыз түсті, бір гранттың ақшалай көлемі 100 мың теңгені құрайды. Ең бастысы, арыз үлгісі кез келген әлеуметтік желіде орналастырылған, оған қатысам деген кез келген жас алып, өзінің шешкісі келетін проблемасын ұсынысын жазуына болады. Оның ұсынысы біздің болашақ жасайтын жобаларымыздың негізін салуы да мүмкін ғой. Ойды ой қозғайды емес пе? Жастар ұсынысын зерттеу арқылы нақты проблемаларды шешетін жобаларға қаржы салынатын болады. Бұл бір. Екіншіден, мұндай гранттық жобалар арқылы жастардың белсенділігін арттырып, өзінің жағдайын жақсартуына мұрындық боламыз. «Бұлақ көрсең – көзін аш» деген ғой халқымыз. Шілде айында жобаларды қорғау жөнінде шеберлік кластары өтеді. Сонымен қатар конкурстық комиссия талқылап, жобаны жүзеге асыру үшін шағын грантты кім алатынын анықтайды.

– КВН қозғалысы жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға және бойындағы талантын ұштауға итермелейтін жақсы шараның бірі.

кеміп, 2000 жылдары бар-жоғы 10 мыңның шамасында ғана қалған. Мұның өзі броконьерлердің табиғи апаттан кем жау емес екенін көрсетеді.

Содан бастап мемлекеттік қамқорлыққа алынуы арқасында, жануарлар жылдам көбейіп, былтыр еліміздегі бөкен саны 250 мыңға жуықтады. Оның 180 мыңдайы осы Бетпақ дала популяциясына тиесілі. Бұл топқа жататын киіктер өсімтал Өкініштісі, буаз ешкілер төлдеп үлгере алмай, құралайлар жатырда қырылуда. Ішін жарғанда ең азы егіздең, тіпті үшеу, төртеуден лақ шығып жатыр дейді көргендер...

«Алтын дала» резерваты мамандарының айтуынша, киіктің саны 500 мыңнан асқан кезде, аңды ауылшаруашылық мақсатта аулауға болады екен. Биылғы шығын бұл үрдісті тағы бірнеше жылға шегеріп кеткені анық.

ӘЛЕМДІК ПРОБЛЕМА!

Вице-министр Ержан Нысанбаевтың айтуынша, пастереллез жылда білінеді. Бұл кесел 2010, 2011, 2012, 2013 жылдары да шығын әкелген. Сондықтан, оны зерттеп, себебін анықтау үшін 2012 жылы Білім және ғылым министрлігіне арнайы тапсырма беріліп, грант бөлінген. Бірақ, зерттеу әлі күнге нәтиже берген жоқ. Ғалымдарымыз қанша көз майын тауысса да, бұл індеттің өмің, жолын кесудің әдісін айта алар емес. Керек десеңіз, кезінде Кеңес ғалымдары 20-30 жылдап тексеріп, ақыры, нақты қорытындыға келе алмаған.

Десек те, ұлттық ғылыми зерттеу, биологиялық қауіпсіздік, эко-орталық киіктің ішкі-органдары мен топырақтың, судың, ауаның, шөптің сынамаларын алып кеткен. Мұның сыртында Германиядан арнайы экологтар келіп, олар да зерттеу жүргізген. Себебін біліп жатса, неміс ғалымдары жасырып қалмайды деп үміттенеміз.

Киіктерді көк тигендей отап сала беретін кеселдің себебін анықтауға көмектесуін сұрап, Ауылшаруашылығы министрлігі Дүниежүзілік жануарлар әлемін қорғайтын ұйым Бон конвенциясына хат жазыпты. Өйткені, бұл әлемдік проблема! Өйткені, әлемдегі киік атаулының 90 пайызы Қазақстан аумағында.

АЛ, ОСЫ ӘЛЕМДІК ЭКОПАТ ЖЕР ИЕСІ БІЗДЕРГЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ?

Бас аяғы жиырма шақты күнде қырылған киіктің саны 130 мыңнан асып кетті. Өйтеуір жаңбыр тиылған соң, киіктің құлауы да сиреп, тоқтады. Әлеуметтік желілерде осы нәубетке «кінәлілерді» іздегендер көп болды. «Үкімет неғып отыр, шара қолданбай?» дегендер де болды. Гептилден көрушілер де жетерлік еді. Киіктердің қырылуы ешқандай радиация салдары емес, табиғи апат сияқты. Өйткені, Бетпақ дала популяциясы тек ғана Қазақстан аумағында өсіп, өніп, жайылады. Олар төлдейтін аймақ мемлекеттік табиғи резерваты ішінде немесе маңайында. Сонда, мемлекет өзі табиғатты қорғау үшін қорық құрып, оны сынақ алаңына айналдырғаны ма? Қисын қайда? Тағы бір назар аударатын нәрсе, табынның арасынан текелері тірі қалып жатыр.

Еліміздің кіндігінде орналасқан ғарыш айлағының



қоршаған ортаға зияны жоқ деп айта алмаймыз, рас. Бірақ, киіктердің өлуіне әсер етсе, одан да әлсіз дала жануарларын, үй малдарын қырып салуы тиіс еді ғой. Неге санамыз соншама «саясиланып» кеткен. Мына түрімізбен бара-бара қасқыр қойға тисе, ол «жоғары жақтағылардың» «тапсырмасын» орындап отыр деуден тайынбайтын түріміз бар тәрізді.

Абылай МАУДАНОВ,
журналист

P.S. Киіктің қырылуы тоқтады, бірақ оның себебі туралы түрлі әңгіменің аяғы көрінбейді. Олардың арасында ірі ғалымдар, шаруа адамдар болжамы да бар. БҰҰ-ның мекен ауыстырып тұратын жабайы жануар түрлерін сақтап қалу конвенциясының хатшылығы Қазақстан билігінің өтініші бойынша Ұлыбританиядағы Ханфилд ветеринарлық колледж ғалымы Ричард Коктың басқаруымен бір топ сарапшыларды жіберген еді.. Бұл топ «киіктер бактериялар қоздыратын гемолитиялық септимеция, маса арқылы тарайтын вирустық эпизоотикалық геморрагиялық дерт немесе клористия бактериялары қоздыратын токсемия сияқты үш фактордың әсерінен қырылған» деген ұйғарымға келген. Ал Роосельхознадзордың Жабайы жануарлардың денсаулығын қорғау орталығы киікті баудай түсірген пастереллездің асқынған түрі (геморрогическая септицемия) дегенді алға тартты. Ал көп жылдар шаруашылық басқарған Қасым Тәукенов деген шаруа кісі «Егемен Қазақстан» газетіне жазған мақаласында: «Пастереллез өз еркімен жүрген дала хайуанаттарына тән кездесе беретін ауру емес. Бұл, есік-терезесі бекітілген ауасы аз қорада пайда болатын сасық, улы аммиак (NH3) қолқанды қауып, демінді алдырмайтын шақта, не тым қатты суық түскен кезде үй шошқаларында кездеседі. Ал дала қабандары ондай аурумен әсте ауырмайды» деп жазады. Иә, бұл соңғы түйін емес екені тағы белгілі.

Сайын далада селеудей селдіреп қалған киіктер тағы да қысқы жайылымына кетіп, келесі көктемде қайтып келеді. Жастарға арналған «Жас өркен Қостанай» журналы киікке келген індет те, табиғи нәубет те келер жылы болмаса екен деп тілейді. Жас тілегін бере көр!

Киік неге қырылды?

Биыл мамыр айында табиғи нәубет орын алды. «Алтын дала» резерватының қызметкерлері Аманкелді ауданындағы киік жайылатын Жолоба деген қыстақтан 117 киіктің өлекесін тауып алғандарын хабарлаған. Ақпаратты ести сала облыстан жедел құрылған комиссия ертеңіне Амангелді ауданындағы киік жайылып жатқан жерге жеткенше өлген киіктің саны мыңнан асты. Содан кейін күн сайын киік мыңдап қырыла бастады. Даламыздың сәні, қазақтың төл малындай даласын мекен еткен мамонттың замандасы киіктің қырылуын табиғи нәубет санамағанда не деуге болады? Университет түлегі, бүгінде республикалық «24.KZ» телеарнасының Қостанай облысы бойынша меншікті тілшісі Абылай Мауданов журналистер арасында киік қырылған жерге алғашқы жеткендердің бірі болды. Сондықтан журналистің жазбаларын наубеттің қаншалықты өткір мәселе болғанын оқырмандарға жеткізу үшін ұсынып отырмыз.

Бұқаралық ақпарат құралдары және ғаламтор желілері арқылы киіктің өле бастағаны туралы хабар тез тарап үлгерді. Алғашқы күндері қорықшылар тарапынан «киіктер көктемге көтерім шыққандықтан жауынды көтере алмай жатыр», «раңнан уланған болар» деген болжамдар айтылды. Сынамалар алынып, тиісті шаралар қолданылғанын білдік. Киіктің бір-саран шығыны жыл да қайталанатын жағдай болғандықтан, өз басым онша селт еткен жоқпын. Бірақ, келесі күні шығын он есе өршіп, мыңнан асты. Екі-үш күн өткенде өлекселер саны бес мыңға жетті. Даланы еркін жайылған жануарға індет келгені белгілі болды.

«Бұл нәндік кесел, ол жергілікті тұрғындар малына жұқпай ма, оның жергілікті тұрғындарға зардабы болмай ма? Қандай шара қолданылып жатыр?» деген сұрақтарға жауап алу үшін «Хабар» агенттігі мен «24.kz» телеарнасы өңірдегі өз тілшілерін шұғыл індет белгісі білінген аймаққа аттандырды. Түсіру тобының құрамында болғандықтан, білгенімді бөлісуді жөн санадым.

АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛ

Білгеніміз, Жолоба қазір бос жатқан медиен дала. Айта кету керек, ол «Алтын дала» мемлекеттік табиғи-резерватына кірмейді. Ол жерде 15 жылдан астам уақыттан бері ел жоқ. Оған ең жақын елді-мекен Амангелді ауданына қарасты Үрпек ауылы. Арасы 50-60 шақырым. Ар жағында Байқоңыр космодромы 700 шақырымдай жерде екен.

Төтенше жағдайға байланысты құрылған жұмыс тобының жетекшісі, облыс әкімінің орынбасары Базыл Жақыповтың айтуынша, зардапты жоюға барлығы 76 бірлік техника, 800-дей адам жұмылдырылған. Оның 515-і өлекселерді жинап, көмумен айналысып жатыр. Жасақтардың құрамына әскерилер, төтенше жағдай қызметінің құтқарушылары, полиция өкілдері және «Алтын дала» резерватының мамандары тартылған. Ішінара жергілікті азаматтар да бар. Күннің жауынды, дала жолдарының батпақты, шыбын-шіркейлі болуына қарамастан, жасақтар жанын салып жұмыс істеп жатыр. Күніне киіктің 10 мыңдаған өлекесін теріп, сүйретіп көму



оңай шаруа емес.

Бұл қандай індет? Өкініштісі, көкейде тұрған ең бірінші сұраққа жауап жоқ. Тек болжам ғана бар. Мамандардың айтуынша, індет пастереллез болуы мүмкін. Киіктердің аузынан қанды көбік ағып, іші кебуі осындай болжам айтуға итермелейді.

Ал, енді «пастереллез» дегенді қарапайым тілмен түсіндіріп көрелік. Бұл дала жануарының ағзасында жүретін вирус. Иммуның төмендеуі. Киіктер әлсіреген кезде күрт өршіп, қызуы көтеріліп, бас-аяғы 3-4 сағатта ішкі органдарды «жандырып» жіберетін кесел көрінеді. Көбінесе, буаз бөкендер төлдейтін кезінде өршиді екен.

КИІКТЕРДІҢ ЖАППАЙ ҚЫРЫЛУЫ БҰҒАН ДЕЙІН ТІРКЕЛДІ МЕ?

Тіркелген де қандай. Ол цифрлар адамның үрейін ұшырады. Мысалы, пастереллез 1984 жылы 260 мың бас киікті жусатып салса, 1988 жылы Торғай даласында бетпақ дала популяциясына жататын 427 мың дала сұлуы тап осы індеттің құрбанына айналған. Бірақ, осынша орасан шығындардан кейін де киіктер жылдам көбейген. Мысалы, 1993 жылдары Қазақстандағы киік саны 1,5 млн-ға жетті. Алайда, Кеңес Одағының тарауы, табиғатқа жанашырлық танытатын мекеменің болмауы киіктердің азаюына өз салқынын тигізді. Ақбөкендерді броконьерлер қырып, олардың саны 7-8 жылда 50-60 есе

Қостанай жастарының бұл бағыттағы жұмыстары қай деңгейде?

– Жастар бастамасы орталығының жұмысындағы басты бағыттың бірі де КВН қозғалысын қолдау және оны дамыту екенін айттым ғой. Мамыр айында біз Қостанай облысының «Достар» ашық КВН лигасы маусымын аштық. Біздің күлдіргі де тапқыр жігіттер мен қыздар Халықаралық КВН одағының Аймақаралық ортаазиялық лигасына және Орталық Орал лигасына қатысты. «Достар» лигасының екі маусымының чемпиондары КИВИН-2014, КИВИН-2015 Сочи фестиваліне де барып келді, онда жоғары деңгейден көріне білді. Бұл орайда, облыс әкімі Нұралы Сәдуақасовтың КВН қозғалысына қолдауын айта кетуге тиіспін.

Халықаралық КВН одағының аймақтық лигасы мәртебесіне қол жеткізу біздің алдағы жұмыстарымыздың мақсаты болып отыр. Ресми мәртебе Сочи фестивалінде аймақтық лигалар чемпионы кубогіне қатысуға мүмкіндік береді. Онда жеңіске жеткендер КВН-нің премьер лигасына қатысады, оны Ресейдің 1-ші телеарнасынан бүкіл жұрт көреді. Міне, қостанайлық өзінкештер осындай жетістікті армандайды. Ізденісі мол біздің жігіттердің арманы алдамайды деп білеміз.

– Облыста Жастар бастамасы орталықтарының өзара байланысы қандай?

– Жастардың әлеуметтік мәселелерімен айналысатын орталықтардың өзара байланысы керек екенін уақыт көрсетіп отыр. Өзара байланыстың тиімділігі болатынына біз жауапкершілік алып отырмыз. Сол үшін оларға арналған бірқатар шараларды жоспарладық. Мамыр айында орталықтар жетекшілерінің алғашқы семинары өтті. Онда жастар бастамалары орталықтарының қандай деңгейде екенін білу үшін семинарға қатысушылар анкета-сауалнама толтырды. Нәтижесінде облыстағы 18 жастар бастамалары орталықтарының алтауы қоғамдық ұйымдар мәртебесіне ие екенін көрсетті, яғни олар тұрақты қаржыландырылмайды. Ал Жігітқара мен Жанкелдин аудандарында жастар бастамалары орталықтары құрылмаған. Облыстағы мұндай орталықтардың үштен бірі коммуналдық мекеме формасында құрылмаған, олардың кадрлық әлеуеті де төмен екендігін көреміз. Сондықтан орталықтардың жұмысы жандануы үшін олардың заңды коммуналдық мекеме түрінде құрылуын қалар едік.

Қалалық және аудандық орталықтардың белсенді жұмысістеуіне түрлі өзекті тақырыптарды қамтыған оқыту семинарлары өткізілетін болады. Шешендік шеберлікті үйрету, жастар бастамалары орталықтарының жұмысына волонтерлер тарту, түрлі шаралар ұйымдастыру жұмыстары семинарлар тақырыбына айналатын болады. Бұл тақырыптар қалалық және аудандық жастар бастамалары орталықтары өкілдерінің қалауымен таңдалды. Орталықтардың арасындағы жұмыс қорытындылары бойынша жарыстар ұйымдастыру, бастамалар көтеру, әлеуметтік желілерде көріну секілді



жұмыстар түрлері олардың арасындағы байланысты күшейте түсетін болады.

– Облыста әскери-патриоттық клубтар жұмысы қалай дамып келеді?

– Мамыр айының аяғында осы клубтардың «Жас патриоттар – 2015» слеті Әуликөл ауданындағы «Достық» лагерінде өтті. Слет биыл тоғызыншы рет өтті. Жалпы облыста әскери-патриоттық клубтар жұмысы жақсы дамып келеді. Олар жыл сайын республикалық, халықаралық әскери-спорттық жарыстар жеңімпаздары және жүлдегерлері болып жүр. Клубтар жұмысы тек жарыстарға қатысумен ғана шектелмейді. Бүгінде олар кең көлемде патриоттық тәрбие жұмыстарын жүргізіп келеді. Слет бағдарламасы жыл сайын көрме, құрметті қарауыл, қайырымдылық акцияларын қамтиды. Әр клубтың жанында Ерлік даңқы музейлері жасақталды, зерде бұрыштары бар.

Қазір облыста 32 әскери-патриоттық клубтар бар. Алайда олардың белсенді жұмыс істейтіндері де, аты бар да заты жоқтары да кездеседі. Мысалы, биылғы слетке 8 клуб ғана қатысқан. Клубтарға көбіне, әлеуметтік аз қорғалған толық емес отбасыларының балалары, тіпті балалар үйінің тәрбиеленушілері тартылады. Сондықтан олардың жұмысын жандандыру өте маңызды.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Жәмила СЕЙІТХАНОВА

ДӘСТЕМ САЛ ҚАРАБАСҰЛЫ

Қазақ әдебиеті тарихында аты-жөні бүгінгі жұртқа беймәлім тұлғалар жеткілікті. Екі ауыз өлең шығармаған қазақ ол заманда болмаған. Мүмкін сондықтан болар көпшілігінің шығармашылығына кезінде мән берілмей, өз уақытында атағы шықпанымен, уақыт өте келе ұрпақ жадында сақталмаған. Сондай тұлғаның бірі XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген суырып салма ақын, әнші, күйші, композитор әрі халық батырларының бірі Дәстем сал Қарабасұлы.

Бізде бар деректерге қарағанда, ол 1677 жылы – жылан жылы, наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы орманды, көлді, көк шалғынды өте әсем қоныстардың бірі Гүлтөбеде Қарабас батыр Толыбай сыншы ұлының отбасында дүниеге келіпті. Әкесінен еңшіге алған мекені – қазіргі Қорған облысының Петухово ауданындағы Өзентал деген қалың ағашты қыстауында 1752 жылы – мешін жылы сәуір айында ауырып қайтыс болған. Руы Ашамайлы-керей, оның ішінде Көшебе.

Дәстем бала кезінде ауыл молдасы Кәрімнен оқып, хадимше хат таниды. Одан кейін оны әкесі Самарқандтағы медресеге оқуға береді. Ол заманда қолы ұзын, көкірегі ояу азаматтар ұлдың да, қыздың да тәрбиесіне қатты көңіл бөлген. Оның үстіне Сібір мен Бұхараның арасындағы байланыс, қатынас жоғары деңгейде жолға қойылған болатын. Екіншіден, Самарқандтың билеушісі Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы Дәстемнің түп нағашысы еді. Сондықтан онда оқыған тек Дәстем ғана емес, Толыбайдың бірнеше балалары мен немерелері Орта Азия оқу орындарында білім алды.

Дәстем Самарқанд медресесін жақсы оқып бітіреді. Бірақ ол дін жолын ұстана алмайды. Оған бірнеше себептер бар деп ойлаймыз. Біріншіден, Сібірдің көкөрай шалғын, құнарлы даласына қызыққандар көп болды. Әсіресе, шығыстағы жоңғарлар мен батыстағы Еділ қалмақтары қайта-қайта шабуыл жасады. Елің, жерің қорғау отаншыл азаматтың негізгі міндеттерінің бірі еді. Сондықтан да қазақтың ақындары батырлықты, билікті, серілікті қатар ұстады. Екіншіден, діндарлығынан ақындығы басым Дәстемнің аты, атағы тарихта «Дәстемнама» деп аталатын шығармасымен белгілі болды.

Дәстем ақын жігіт кезінде аталас туысы Тәшім батыр Сатыбалдыұлымен бірге сол уақыттағы Үш жүздің ханы өз Тәукеге елшілік қызмет атқарады. Сонан соң ол өз Тәуке хан Салқам Жәңгірұлының ең даңқты әскербасыларының бірі болып қол басқарып,

дұшпандардың шабуылдарынан қорғауға белсене араласып, ірі-ірі ерліктермен зор беделге ие болады.

Дәстемді ақындыққа, әншілікке, күйшілікке, балуандыққа, қолөнершілікке және басқа да өнердің көптеген түрлерін меңгеруе баулыған оның ағасы Қожаберген жырау екен. Бұл Дәстемнің ерлігі әйгілі қолбасшы-баһадүр Қожаберген жыраудың (1663-1763ж.ж.) 1723 жылдың күзінде қазақ, ноғай, қарақалпақ, Сібір татарлары халықтарына келген өте ауыр апатты өз көзімен көріп, жұртпен бірге зор қиыншылықты өз басынан кешіргендігін шынайы түрде суреттеп шығарған «Елім-ай!» жырында кең орын алған. Дәстем салды қазақ жұртшылығына қайта табыстырған тарихшы әрі қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожин болатын.

Ол «Дәстемнама» хиссасын 1956 жылы шілде айының 24-ші, 25-ші, 26-ші күндері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданындағы Петровка (Баян) селосының тұрғыны, зейнеткер-қарт, белгілі шежіреші Қожахмет Дәрібайұлынан жазып алыпты. Қожахмет ақсақал «Дәстемнама» жырын өз әкесі Дәрібай Малшыбайұлынан естіген.

Көлемі 200 шумақ, «Дәстемнама» жырының 156 ауызын кезінде Қаратай ағай Қазақ ССР көне мәдени ескерткіштер қорғау қоғамының орталық кеңесіне тапсырған. Дастанды 1990 жылдың 6-желтоқсанында Қаратай Биғожин және Амантай Барлықбаев тұңғыш рет Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті арқылы оқырмандар назарына ұсынған. Кейін Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық «Ауыл ажары» газеті қайталап басты.

Әлбетте, дастан текстологиялық талдаудан өткен жоқ. Ол автордан кейін бірнеше адамның қолынан өткен. Әрбір көшіруші оқырманға түсінікті болуы үшін дастанның төлнұсқасына өзгерістер кіргізіп отырған. Сондықтан да шығармада заманында пайдаланылмаған сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Бұл түсінікті жағдай. Мұндай құбылыс әлем әдебиетінде жиі кездеседі. Мысалы ежелгі грек мифологиясын сол заманның тілімен жеткізсек тірі жан түсінбеген болар еді.

Соңғы жылдары көпшілік қауымға белгісіз Дәстем сал түгіл ұрпақтары бүгінде өз елінде ғұмыр кешіп жатқан сегіз Серіні де өмірде болмаған адам деп жүргендер бар. Тірісі түгіл елісімен айттысып жүрген қазақ емеспіз бе? Жоқтан бар жасай алмай жүргенде бар дүниемізді бағаламағанға кім кінәлі? Көне грек тарихшысы Геродот: «... мен естігендерімнің барлығына сенуге міндетті емеспін, бірақ келер ұрпаққа жеткізу парызым» депті. Тапқан деректі оқырман қауымға жеткізу



Аманжол КҮЗЕМБАЙҰЛЫ, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бояулардан өмірді көретін суретші

Суретші Наталья Халифаева бала кезден сурет салуды ұнататын. Өмірге деген ғашықтық, өмірдің әсемдігі оның шығармаларының өзегі десек те болады. Наталья біраз жылдар подноса сурет салумен айналысты. Поднос бетіндегі тамаша өрнектер, бояу гаммасы жүректің нәзік қылын шерткендей болатын.

– Мен шығармаларымда әсемдікті көрсеткім келеді. Сол үшін подносты өрнектеген едім. Кейінгі кезде оны қойып, тек живопись жанрында жұмыс істеп жүрмін. Себебі подносты өрнектеудің техникалық кейбір жұмысы үйдегі баланың денсаулығына кері әсер ететін болды, сондықтан оны доғаруға тура келді, – дейді Наталья. Наталья Халифаеваның «Қас қағым сәт» атты кезекті дербес көрмесін Қостанайлықтар тамашалады. Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі бұл жолы көрермендерге 60-тан аса жұмыс ұсынған екен. Қылқалам шеберінің пейзаж бен натюрморт тақырыбына арналған шығармалары көрермендердің көз қуанышына айналды. Наталья шығармашылығындағы ерекшелік, ол салған пейзаждар табиғаттың көркемдігін сол күйінше көшіргендей, жанды табиғаттай әсер етеді. Оның «Үстел үстіндегі букет» шығармасында сәлдегүл гүлінің сұлулығын барынша ашып көрсетеді. Картинадағы гүлмен бірге адам көңіліне нұр, сәуле кіргендей әсерде болады. Наталья пейзажды ойдан алмайды, оны ойша «үлкейтп, кішірейтіп де» әуре болмайды, алдымен сұлулықты табиғаттан көреді де, соны көңіл көзімен, қылқалам қарымымен қағазға түсіреді. Ол жазған қыс, көктем, жаз, күз көріністерінің барлығына да сюжетті туған жерден алады. Туған жердің қарағайлары Наталья салған картиналарда одан сайын көңілге жылы

көрінеді, туған жерге деген әр адамның патриоттық сезімін оятып, көңілін мақтаныш кернейді. Өнер құдіреті осындай.

– Натальяның туған елкенің ұлылығы мен сұлулығын жеткізетін пейзаждары поэзиялық туындыларға ұқсайды. Мұнда көктемгі табиғаттың жандануы, жаздың хош иісі, күздің шұғыласы мен қыстың салқын лебі бар, – дейді Қостанай көркемсурет галереясының қызметкері Назгүл Ыбыраева.

Наталья көптеген республикалық және республикалық көрмелерден көрініп, шығармашылық байқаулардың жеңімпазы, облыстық Меценаттар клубы сыйлығының лауреаты атанды. Алайда ол өзінің отбасын өнерден төмен қоймайды.

– Әйел – ең алдымен, отбасының ұйтқысы, балалардың анасы. Ал отбасынан артылған кезде қандай өнермен айналысамын десе де, әйелге ешкім тосқауыл болмас. Суретшілік – менің рухани азығым, мен бояулар тілімен сөйлескендей боламын. Өмірдің қызығын, сұлулығын, бақытын — барлығын бояу тілінде бергім келеді. Бірақ отбасым мен үшін қымбат дүние, – дейді Наталья.

Наталья саяжай ұстайды. Жолдасы көбіне жұмыста, сондықтан саяжайдағы көп жұмыс Натальяны күтіп тұрады. Ол жазымен, күзімен саяжайды күтеді. Ондағы гүлдерден ол өзінің шығармашылығына қуат алғандай болады.

– Табиғат – нағыз талантты суретші. Гүлдердің қанатын енді жайып келе жатқаны, толысқаны — барлығы да мені керемет сезімге бөлейді, – дейді суретші.

Наталья Халифаеваның ту-



ындылары кең өрісті ойлар мен сезімдерге, лиризмге, жігерлі бейнеге, жүрек діріліне толы. Суретші айтарын жанды бейнелеуді, шынайы сезім, қас-қағым сәтте көрермендерге сол сезімге баурауды және өз дүниетанымы арқылы әлемді көрсетуге мүмкіндік беруді мұрат тұтады.

Айханым АМАНГЕЛДІ

Сағыныштай сарғайған жауынгер хаттары...

Ұлы Жеңістің 70 жылдығын еліміз, фашизмге қарсы күрескен елдердің барлығы атап өтті. Алайда соғыста Отан үшін жасалған ерлік, майдан даласынан оралмаған боздақтар, тылда еңбек еткен аналар мен бұғанасы қатпаған балалар туралы дастан таусылмақ емес. Еліміздің жас өркенін патриоттық, елдік сезімде тәрбиелеу үшін де аталар ерлігі сана-



мызда жаңғыра береді, оларға тағзым етеміз.

Жеңіс мерекесі қарсаңында Қостанай облыстық мемлекеттік архиві «Ұлы Отан соғысының мұрағаттық шежіресі» фотоқұжаттық көрмесін ұйымдастырған болатын. Дайындалған көрме облыс жұртшылығына ұсынылды. Осы кезге дейін Ұлы Отан соғысына облыстан қанша жауынгер кеткені, қаншама шаруашылық жұмыс істегені, қаншама кәсіпорын сол кездегі Кеңес Одағының жау жақындаған облыстарынан Қостанайға көшірілгені, кеңес, партия органдары жұмысы туралы мәліметтер жұртшылыққа жеткізілгендей еді. Алайда облыстық мемлекеттік архив қызметкерлерінің инемен құдық қазғандай төзіммен, шаң басқан архив тікпелерін ақтару нәтижесінде соғыс тақырыбына байланысты, қаһарлы жылдар жаңғырығындай көптеген құжаттық материалдар мен фотосуреттер табылды. Оларды көрмеге жинақтап, жұртшылық назарына ұсынды.

– Көрме жәдігерлері Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорынан, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінен алынды, сондай-ақ Қостанай мемлекеттік педагогика институтының студенттері «Жеңіске-71 жыл» студенттік тарихи жобасы шеңберінде жинақталған материалдар көп мәліметтер берді, – дейді Қостанай облыстық мемлекеттік архивінің құжаттарды пайдалану мен жариялау бөлімінің басшысы Юлия Говорова.

Көрмені дайындау барысында архив қызметкерлері жергілікті тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істеді. Осы жұмыс аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, соғыс жылдарының куәсі болған қарапайым қарттардың отбасылық мұрағаттарынан

көптеген құнды материалдар алынды. Мысалы, тылда жұмыс істеп жүрген әйелдер суреті кімнің де босла жүрегін шымырлатады. Қайран аналар, күйеуін, балаларын, бауырларын майданға аттандырып, солар істейтін жұмысқа өздері шықты. Жержыртты, шөп шапты, отын жинады, сиыр сауып, мал бақты. Бейнеттің белі қайысып жүрген әйелдердің көз жасын



майданнан келген «қара қағаздар» да құрғатпады. Сондай-ақ соғыс басталған жылы Қостанайға көшірілген «Большевичка» тігін фабрикасының ұжымының суретін де толқымай қарау мүмкін емес. Жалындай жап-жас қыздар. Олардың тағдыры не болды? «Соғыс тағдырын күл-талқан етті ме, әлде сүйіктісі майданнан аман келіп, бейбіт күннің ырызыдығын көрді ме?» көрмені қызықтаған әркім де осындай ойға берілері хақ.

Көрмеге архив қызметкерлері барлығы 150 құжаттар мен суреттер қойды. Олардан соғыс уақытының тынысы, лебі білінгендей болады. Ал уақыт өткен сайын сарғайған суреттер мен хаттардың маңызы да арта түседі. Олар келер ұрпаққа соғыстың қасіретін жеткізетін болады.

Әмина ЖУАСПАЕВА

тарихшылардың қасиетті борышы. Сондықтан да бабамыздың ұрпағына қалдырған құнды мұрасын оқырман қауымға қайта ұсынуды жөн санадық.



ДӘСТЕМНАМА
(тарихи дастан)
(үзінді)

Жаңа шыққан қыран ем,
Қияға шырқар талпына.
Сәлем бердім әуелі,
Жиналған тойға, халқыма.
Ақтарайын ел-жұртым,
Буулы теңді қоймада.
«Дәстемнама» дегенге,
Мақтаншақ деп ойлама!?
Қазақтағы Орта жүз,
Керейден шыққан серімін.
Өлеңге де, соғысқа,
Бірдей боп жүрген бөрімін.
Толыбай сыншы баласы,
Қарабас ердің ұлымын,
Халқын жаудан қорғаған,
Жас сардардың бірімін.
Ұстаз болған өзіме,
Қожаберген ағамыз.
Ақындық пен ерлікке,
Баулыған сол данамыз.
Ағам аты – Ер Асқап,
Өз есімім – Дәстем сал.
Қызылжар* деген өңірде,
Мекенім менің Өзентал.
Әріден жайды қозғайың,
Мұсылманға паш қылып,
Жәрдем еткей жалғыз хақ,
Көңілді қойма аш қылып.
Зейінге мықтап тоқидым,
Молданың берген білімін.
Бойыма тағы сіңірдім,
Жақсылардың ілімін.
Шежіреден көргенді,
Оқып жақсы білгенді,
Жария етсек жарасар,



Құлаққа және ілгенді.
Мұны бізге қалдырған,
Тарих етіп ескі көз.
Керейдің көне жырауы –
Шаншарбектен жеткен сөз.
Шаншарбай жазған шежіре.
Әркімдердің қолында,
Қызмет қылған ер екен,
Дін исламның жолында.
Он сегізге келген соң,
Ел қорғауға сайланып,
Тұлпар мініп, жер шолдық,
Әр өңірді айналып.
Сері болдым, топ бастап,
Домбыра, қобыз қолға алып.
Жыр етпекке толғанып.
Өтіндіңдер шығар деп,
Тыңдауға хисса лайық.
Олай болса, жарандар,
Сіздерге қызмет қылайық.
Ерен шабыт шақырып,
Шырқап өнге салайық.
Ата-баба шежіресін,
Әрдайым еске алайық.
Жыраулық пен ерлікті,
Көрдім бойға лайық.
Тіршілікте әлеумет,
Ел қорғаны болайық.
Қолға қобыз алған соң,
Жұрт көңіліне толайық.
Шыңғыс ханнан бастауды,
Мақұл көрдім халайық.
Татар, Қырғыз хандығын,
Билей алмай жалғанда,
Өткен екен Есуқай,
Шерлі болып арманда.
Кім десеңіз Есуқай,
Шыңғыс ханның әкесі.
Татардың, маңғұл жұртының,
Тұсында болған серкесі.
Татар, қырғыз хандығын,
Біріктірген шығыста.
Әскер бастап батысқа,

Аттанған жылжып Шыңғыс та
Жол-жөнекей көп елге,
Көрсеткен татар зорлықты,
Бағыныпты талай жұрт,
Көрмеу үшін қорлықты.
Басшысына әр елдің,
Шыңғыс бұйрық жолдаған.
Қирату үшін көп жұртты,
Ислам дінін қолдаған.
Кей көсемді Шыңғыс хан
Алдап-сулап көндірген.
Елемесе бұйрықты,
Қауіп-қатер төндірген.
Мейірімсіз Шыңғыс хан,
Өз мизамын ендірген.
Тыңдамаған халықтың,
Шырағын бірден сөндірген.
Қан жоса қып Шыңғыс хан,
Қырылып нелер ел қалған.
Өз жұрты ере көшкен соң,
Құлазып жері бос қалған.
Алған екен татарлар,
Шыңғыс ханның кезінде,
Том мен Еділ арасын,
Жалған жоқ осы сөзімде.
Болып өткен Еділде,
Шыңғыс ханның шайқасы.
Мекендеген Қазанды,
Татардың маңғұл тайпасы.
Хандығына Шыңғыстың,
Татардың бәрі болған мас.
Қызыл-сары жүздері,
Көздері көк, жиен шаш,
Осылай болған маңғұлдың,
Ұқсас халқым өңдері.
Алтай таудан әрі екен,
Ежелгі татар жерлері.
Маңғұл, мешер, қырғыз бен
бұлғар да татар тайпасы.
Оң қолы болған Шыңғыстың,
Қызғанда жаумен шайқасы

(жалғасы келесі санда)

Адастырмас бағытымыз, рух берер айбарымыз

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған болатын. Ол еліміздің азаматтарына адам бостандығын, жан-жақты құқық кепілдігін беретін барлық құқықтық актілерінің іргетасы болып табылады. Ата заңымыз қабылданған 20 жыл ішінде демократиялық қоғам орнатуда Қазақстан жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Сонымен бірге Конституция мазмұны Қазақстан мемлекеттілігінің ырғақты алға басқандығын көруге мүмкіндік береді. Елдің барлық азаматтарының, мемлекеттік органдардың, лауазым иелерінің, қоғамдық бірлестіктердің Конституция идеялары мен ұстанымдарын, нормаларын қолдану, сақтау жаңа тәуелсіз республика іргесінің бекуіне, нығаюына алғышарт болғаны да рас. Құқықтық тәртіптің орнауы, адам бостандықтарының сақталуы өмірдің сапасын жоғарылатты, саяси тұрақтылықты және қоғамдық келісімді қамтамасыз етті. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік саяси аренаға шыққалы біздің елімізде бірде бір рет саяси дағдарыс, ұлтараздық оқиғалары болған емес. Қаншама ұлт өкілдері, діни конфессиялар өкілдері тату –тәтті бірлікте өмір сүріп келеді. Біздің ел қоғамдық келісім мен бірліктің қазақстандық үлгісін жасады. Осының барлығының негізі Ата заңымызда жатыр.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғам мен мемлекет өмірінде ерекше маңызды орын алады. Елдің негізгі құқықтық құжаты болып саналатын Конституция біздің елдегі демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекеттің жетістігі де болып саналады. Ата заңымыз қалай шынайы, айбарлы болса Қазақстан да солай бола береді.

Демократиялық қоғамның биік идеалдарына ұмтылу, ежелгі қазақ жерін жайлаған ұлттар мен ұлыстар арасындағы достық пен келісім, бірлік, мәдениеттердің өз ара араласып, жарасым табуы және мемлекеттік органдар жүйесінің құрылуы—осының барлығы да елдің негізгі заңы—Ата заңымыздан шынайы көрініс тапты. Конституция – құқықтың негізгі бұлақ бастауы, қайнар көзі болып табылады. Онда құқықтық жүйенің барлық бастаулары бар. Ағымдағы заңдар үшін негізгі база Ата заңнан табылады, сол заңдардың сипатын анықтайды.

Конституцияның жоғары заңдық күші



бар. Оның заңдық күшінің жоғарылығы мен күштілігі өзге заңдар мен мемлекеттік органдар актілері Конституцияға сәйкес және оның негізінде шығарылатындығынан көрініс табады. Конституцияны қатаң және нақты сақтау барлық азаматтар, қоғамдық бірлестіктер және мемлекеттік органдар үшін ең жоғары норма саналады.

1995 жылы шыққан Конституцияға 2007 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты ол Қазақстанның дамуына күшті серпін берді, экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар үшін іргетас, бастау болған Ата заң мемлекетте және қоғамда болып жатқан барлық үдерістердің белсенді жүруіне ықпал етті.

Жастармен студенттер қауымы ең бастысы Конституцияны құрметтеп ғана қоймай, оның негізгі заңдық міндеттерін жүзеге асыруға үлес қосуы тиіс. Жастарға біздің елімізде білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Білім алуға, оқуға, мамандық игеруге Конституция құқық берген. Соны сезінген әр студент жақсы оқуға, білім үшін жұмсалған мемлекет қаржысының, одан қалды ата-ана еңбегінің қайтарымын жасауға талаптанады. Уақыт, барлық саладағы әлемдік нарық бәсекеге қабілетті болуды талап етіп отыр. Сондықтан әрбір жас, әр студент толерантты және тәрбиелі болып, Қазақстанның болашағы, игілігі үшін жақсы оқып, еңбек етуі керек. Өзінің жан-жақты дамуын қамтамасыз етсе игі. Білімді, тәрбиелі жастар әлеуеті мемлекетті нығайтады. Олар еліміздің лайықты азаматы болып қалыптасады. Ата заңның басты бағыты да осы.

Өнерлі, белсенді, жігерлі жас

Аты жөні: Гүлмира Опина

Факультеті: Аграрлық-биологиялық факультет

Курсы: 3 курс

Хоббиі: Бос уақытында кітап оқып, әр түрлі тағам түрлерін дайындағанды ұнатады

Сүйікті кітабы: «Абай жолы», М.Мақатаевтың өлеңдер жинағы

Арманы: Ата – анасының үмітін ақтап, университеті үздік аяқтау, білікті маман иесі атану

Ерекше үлгі тұтар тұлғасы: Өзінің ата-анасы, Олжас Сүлейменов

Өмірлік ұстанымы: «Өмір - шимайламай сурет салу»

Жетістіктері мен қоғамдық жұмысы: «Ахмет ұрпақтары» пікір-сайыс клубының мүшесі, «үздік төреші», ҚМУ ректоры кубогіне арналған VII-IX халықаралық турнирдің ұйымдастырушысы.

«Арулар отауы» клубының мүшесі, «Асыл Ару-2015» байқауының ұйымдастырушысы. Университет қабырғасында өткен ғылыми «Тамақ өнеркәсібіндегі инновациялық тех-

нологиялар» конференциясында II орын, республикалық «Ғылым шарайнасы» атты ғылыми жұмыстар байқауында I-орын, халықаралық «Сократ» ғылыми жұмыстар байқауында «Жас сарапшы» аталымы бойынша II-орын алды.

«Тамақ өнеркәсібіндегі инновациялық тех-

нологиялар» конференциясында II орын, республикалық «Ғылым шарайнасы» атты ғылыми жұмыстар байқауында I-орын, халықаралық «Сократ» ғылыми жұмыстар байқауында «Жас сарапшы» аталымы бойынша II-орын алды.

Көпшілік пікірі: Гүлмира өте белсенді әрі қарапайым жан. Әрқашан ізденісте жүреді, жаңалыққа, түрлі зерттеулер жүргізуге құмар.



Денис КАЧЕЕВ,
философия
ғылымының
кандидаты,
тарих магистрі

Жаһанды жаяу кезген Жаяу Мұса

(басы 3–санда)

Ағайын, туыс-туған барлығы Мұсаның орауына зор қуаныш білдіріп, шағын той жасайды. Бір аптадай өз ауылында сауық құрған Мұса көрші ауылдарға да сапар шегеді. Ол әр сапарында жалғыз өзі емес, бала күнгі достары Байдалының Мұстафасы, Бекеттің Әбділдасымен бірге аттанатын болған. Боз-бала шағынан ойын сауықты ұнатқан Мұса бір той-думанда Бәтима есімді аруға ғашық болады. Бірақ онымен байланысы ұзаққа бармады. Орман ауылында Шорманның ұрпақтары билік құрған тұста, Мұса Шормановтың інісі Мұстафа Жаяу Мұсаның елге келіп сауық құрғанын, елдің ықыласына бөленуін ұната қоймайды. Уақыт өте Мұса бір күні Шорман балаларының ауылының жанынан өтіп бара жатып ән салады. Мұны естіген Мұстафа Шорманов оны өз адамдарын жіберіп көк ала қойдай қып соққыға жығып, астындағы халық сыйлаған жалғыз атын тартып алып, жаяу еліне төңіретіп жібереді. Осы оқиғадан бастап Мұса Байжанұлы тарих беттерінде Жаяу Мұса деп аталып келеді. Шорман ұрпақтарынан көрген озбырлығы оны өз елінен кетуге мәжбүр етеді. Бұл озбырлық оның елден кетуімен аяқталмайды, керісінше кеңге қанат жайып, жалғасын табады. Сол елден кеткен жылдары ол Тобылға он екі жылға жер аударылады. Жер аударылуының себебі де сол бұрын озбырлық көрсеткен Мұстафа Шормановтың патша үкіметіне жазған хатынан кейінгі іс-әрекетінен байқауға болады. Он екі жыл Тобылда айдауда жүріп көрген азабы оның зарлы да мұңға толы өлеңдер жазуына әсер етті.

Жаяу Мұсаның өмірімен қатар өнерін де бірге алып жүрген танымал тұлға қатарында болғаны белгілі. Оның әр айтқан әнінің өзінде терең мағынамен қатар тарихпен астасып жатыр. Мәселен, баршамызға танымал «Сұрша қыз» әнінің тарихы тереңде жатыр. Бұл әннің шығу тарихы туралы мынадай бір дерек бар: Жаяу Мұса бұл әнді өзімен бірге Тобылда айдауда бірге болған досы, замандасы Арап есімді жігіттің ғашық болған қызына арнаған. Араптың ғашық

болған қызының есімі Күнбөпе. Олар бірге ғұмыр кеше алмады. Бұған себеп Шоқанның Жақып есімді інісінің оларға қарсы құйтұрқы әрекет жасауында. Жақып Күнбөпе бойжеткенге ғашық болып, оны өзінің жары ету мақсатында, оның сүйген жігіті Арапқа жала жауып Тобылға айдатын жібереді. Бұл оқиғадан кейін Күнбөпе ару есінен адасып, ми далада қасқырға жем болып қаза табады. Арап пен Күнбөпе арасындағы мұңға толы махаббат машақатынан кейін, досының айдаудағы өміріне қапаланған Жаяу Мұса «Сұрша қыз» әнін жазған деген дерек бар. Ал «Ақ сиса» әнінің тарихы баршаға белгілі Шорманның Мұстафасынан көрген қорлығын ән мәтініне сыйғызып, ішіндегі ашу-ызаға толы сезімін ән арқылы жеткізген.

Жаяу Мұса өмірімен өнері туралы айта берсең де жаза берсең де деректер баршылық. Ол өмірінде ұзақ жасаған тұлғалардың қатарында. Сол ғұмырында ол қуаныш-қайғымен қатар көп қорлықты да көрген. Кейбір деректерде оны қайғыға толы өмірдің қаһарманы ретінде қартайған шағында халық Жаяу Мұса емес Батыр ата деп атаған. Сұм өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген батыр бабамыз тоқсан төрт жас жасаған. Өмірінің соңына дейін өмірін өнерімен өрнектеген тұлға, өз ұрпағына өмір тарихымен өнерде қалдырған ізі арқылы өнеге бола білді. Оның өміріндегі оқиғаларға негізделген әндері бүгінгі таңда дәстүрлі ән өнерінде шырқалып жүр. Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнін білмейтін қазақ кемде кем. Ән әлемінде шарықтап шыңға шыққан қоңыр үнді әсем даусы мен сөзге шешендігі, тапқырлығы үйлесім тапқан Жаяу Мұса әдебиет, тарих, ән әлемінде өшпес із қалдыра білді. «Аттыдан жаяу жүріп кек алған, өжеттілігімен қайсарлығы бойына біткен өшпес тұлға» деп жазушы Зейтін Ақышев айтқандай, Жаяу Мұса өмірі мен өнері келешекті бастаушы кемел ұрпаққа мәңгілік мұра, таусылмас қазына, жоғалмас тарих.

**Мәлдір АМАНБАЙҚЫЗЫ,
ҚМУ ГӘФ қазақ филологиясы
мамандығының 2 курс студенті**

Пән олимпиадасы білімге құштар студентті пысытады

Қазақ өркениетінің білім, ғылым, мәдениет хәм көсемсөз бағыттарында болып жатқан қандай да жарыстарды тілге еткенде, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы жазған «Білім жарысы» атты мақаласы түсері сөзсіз. Тіпті, мақала маңызының зорлығы соншалық, қазір оның аты басылымның атауына айналды! Үнжарияның заңды иесі әлбетте, ғұлама есімін иеленген Қостанай мемлекеттік университетінің журналистика мамандығының студенттері мен медиа-орталықтың ұжымы. Жарасымды жалғастығын тапқан ұнпарақтың әлеуметтік-қоғам ортаға қызмет көрсеткеніне де 17 жыл болыпты! Сол уақыттан бері басылым зертханасынан төртінші рет түлектер маман ретінде жолдама алып, үлкен өмірге қанат қақты десеңізші... Осы іспеттес болашақ мамандарды даярлау мақсатында қаншама игі шаралар қолған алынып, дәстүрлі жиындарға айналуда. Жүрегі – от, рухы – биік, жыр дүлдүлі Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарған сенемін» деген өлеңі, біздің келешегіміз жастарда екенін үндеп, насихаттап тұр емес пе?! Ендеше, еліміздің ертеңі жастарды тәрбиелеуде дұрыс бағыт-бағдар беру мұғалімнің міндеті, ал қай мамандық саласы болсын, бірінші кезекте «өз ана тілін сүйген, әдебиетін өспеттеген жастар – біздің жарқын болашағымыз» екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің базалық ЖОО-да пән олимпиадаларының өткізілу кестесіне сәйкес, 2015 жылы сәуірдің 23-24 күндері Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша өткен VII республикалық пән олимпиадасы әрбір білім ордасынан жиналған жауқазын жастардың өз білімін сынауда кеудесіне үміт отын ұялатып, ана тілге деген құрметтерін оятты. Олимпиадаға қатысқан 20 жоғары оқу орнының командалары, оның екеуі – ұлттық, он үші – мемлекеттік, бесеуі – жекеменшік білім ордасының үкілеген тәлімгерлері өз білімдерін жарыстыруда бірінен бірі асып түсті. Пән олимпиадасының мақсаты болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін анықтап және талантты студент жастарды қолдау болса, студенттердің оқу-танымдық және оқу-зерттеу әрекеттерін ынталандыру, жеке кәсіби әлеуетін, шығармашылық қабілеттерін ашу, мүмкіндіктерін толық пайдалануы мен кәсіби қалыптасуына жағдай жасау, азаматтық ұстанымын орнықтыру, ең дарынды студенттерді іріктеу және қолдау, білім беру жүйесін жетілдіруге деген кәсіби белсенділік қатынасын қалыптастыру болды оның міндетіне айналды.

Пән олимпиадасы екі турдан тұрды, алғашқысы студенттердің тіл мен әдебиет бойынша теориялық білімі мен танымын көрсететін шығармашылық жұмыс аясында берілген тақырып бойынша ауызша ойталқы, яғни студенттің теориялық білімі, сөйлеу мәдениеті, ой жүйелілігі, сөз саптауы, тақырыпты аша алуы, ой нақтылығы, фактілі дәлелдер, салыстыру және қорытындылау әдістерін ұтымды қолдануы, мате-



риалдарды тиімді пайдалана алуы сыналды. Келесі кезекте тест тапсырмалары негізінде, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қатысушының теориялық білімі тексерілді.

Пән олимпиадасының қорытындысы бойынша жүлделі орындарды: Гран-при – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, I орынды – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының, II орынды – Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының командасы, III орынды – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің командалары алды.

«Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» демекші, білім жарысына сыналған студенттердің келбетінде ең бастысы, жүлделі орын алғандарынан бөлек, әр өңірден жиналған жастардың дидактикасынан алған бәйгесінде шынайы бәсекемен бірге, ой жарыстырып, тағылымды жиын қорытындыланып жатса, бұл бір ганибет емес пе?!

**Райхан ИМАХАНБЕТ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті м. а.,
филология ғылымдарының кандидаты**

Оңтүстік облыстар мен Қостанайдың арасы қашан қысқарады?

Қазақстан – шығысы Алтайдан, батысы Атырауға, оңтүстігінде Алатау мен қазыналы Қаратаудан солтүстігінде Сібір ойпаттарына дейін созылған кең байтақ ел. Жерінің көлемінен әлемде 9 орынды иеленеді. Кең байтақтығымен қатар Азия мен Еуропаның кіндігінде орналасқан транзиттік тиімділігі тағы бар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың саясаты ата-бабадан мұра болып қалған ұлан-байтақ өлкенің саяси-экономикалық тұрғыдан өрлеуін және әлеуметтік жаңғыруын әлемдік дамудың қарқынынан қалдырмай, дамыған 30 елдің қатарына қосылуын қамтамасыз етуді мұрат тұтады. «Мәңгілік ел» идеясының бір астары да осы дамуда жатыр.

Қазақстан экономикасын дамыту мақсатында елімізде индустриаландыру бағдарламасының 2 кезеңі қарқын алып, ортақ мүддеге Қазақстанды мекен ететін барлық ұлыстармен тізе қоса отырып жету көзделген. Қазақстан Республикасының Президенті сайлауында қазақстандықтардың жұмылған жұлдырықтай бірлігі, Нұрсұлтан Назарбаевты таңдауы Елбасы саясатын қолдайтындығын көрсетті. Әсіресе, жастардың белсенділігі ерекше байқалды. Жалпы, қазақстандық жастар Елбасының саясатын үнемі белсенді қолдаушылар болып табылады.

Өткен жылы елімізде «Мәңгілік ел жастары - индустрияға» деген девизді алға тартқан «Серпін» бағдарламасы дүниеге келген болатын. Оның басты мақсаты – демографиялық өсімі қарқынды, бірақ оның есесіне жұмыс орындары тапшы оңтүстік өңір жастарын халықтың өсімі аз, бірақ жұмыс орындары көп солтүстік аймақта білім алып, кейін сол жерде жұмысқа орналастыруды көздейді. Өйткені Қазақстанның индустриялық картасында солтүстік аймақтарда ашылатын өндіріс орындарының қатары да қалың. Биыл «Серпін» бағдарламасы жалғасын тауып, оңтүстіктен солтүстікке оқу-білім арқылы тартылатын жастарға арналған мамандықтар шеңбері де кеңейе түсуде. Бірақ кезінде Қазақстанның ішкі аймағындағы өлкелердің транспорттық, әсіресе, темір жол арқылы өзара байланысы кемшін дамыды. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігін тікелей байланыстыратын не теміржол, не автокөлік жолы жоқ. Бәрі де негізінен оңтүстік өлкені жағалайды немесе батысқа қарай бойлай барып бұрылады. Мұндай олқылықтар оңтүстіктен солтүстікке білім алуға келіп жатқан жастарға, шағын және орта бизнес өкілдерінің алыс-берісіне қиындық туғызып отыр. Мұны Үкімет білмей отыр дей алмаймыз. Бұл мәселе оның назарында екені сөзсіз.

Қазақстан Президентінің 2015 жылға арналған Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында еліміздің ішкі байланысын нығайтатын автокөлік, темір жол, әуе жолдарын тереңдете дамыту екені айтылды. Осы



орайда, Қазақстанның астықты аймағы, тау-кен, машина жасау, азық-түлік өнімдерін өңдеу салалары жақсы дамыған Қостанай аймағына Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарынан тікелей келетін теміржол маршруты жоқ. Тек Алматы мен Қостанай аралығындағы жалғыз маршрут бар. Бұл адамдардың қатынауына, жүк тасымалына әжептәуір қиындық келтіреді. Сондықтан Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру аясында күнгей облыстардан теріскейге тікелей келетін бір поезд маршрутын ашу – орайы келіп тұрған оң іс болар еді. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ бұл мәселені дұрыс шешеді деп ойлаймыз. Себебі Қызылордадан шығып оңтүстіктегі Шымкент, Жамбыл облыстарын жағалап, Астана арқылы Көкшетауға келетін № 56-55 «Көкшетау-Қызылорда», «Қызылорда-Көкшетау» маршрутындағы поезд бар. Соны Қостанайға қарай созып, «Қызылорда-Қостанай, Қостанай-Қызылорда» деп өзгертсе немесе оңтүстіктен келетін поезддарға арнайы вагондар тіркеп, Астана арқылы Қостанайға келетін поезддарға қосып жіберсе – жолаушылар жолы қысқарып, жол қиындығы біршама жеңілдер еді.

Бұл жұмыстар өз кезегінде бір бүйірде оқшау тұрған Қостанайды Қазақстанның оңтүстігімен түрлі бағытта тығыз байланысуына жол ашары анық. Инновациялық-индустриялық дамуды жеделдете жүргізу бағытын ұстанған Қазақстанға оңтүстік пен солтүстіктің экономикалық даму, демографиялық өсім қарқынында аса үлкен алшақтық болмауы қажет. Мұндай көріністің орнауына жол қатынасының маңызы да ерекше.

Оңтүстік пен солтүстік облыстар арасындағы жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту, соған қоса поезд маршруттарын қолайлы ету «Серпін» бағдарламасы бойынша білім іздеп келген студенттерге де жақсы болар еді. Мысалы, Қостанайдан Қызылордаға жолаушы поездбен үш тәулікке жуық жүреді. Егер жоғарыда айтқандай, Астанадан шығып Қостанайдың үстімен өтетін поезддарға вагон тіркесе, «Көкшетау-Қызылорда» маршрутын Қостанайға дейін созса үш күндік жол да қысқарар еді. Қостанайға оңтүстік облыстардан келетін жолдың қысқаратынына күдіктен гөрі үміт басым.

Алмас ӘБСАДЫҚОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

нәтижесінде «Қазақтың XV-XVIII ғасырлардағы тарихи аңыздары: тарихилығы, генезисі, типологиясы» деген тақырыпта докторлық диссертациямды қорғауым менің ғұмырымдағы ең бір бақытты да айшықты кезең болып табылады.

Алайда, Қостанай мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі, содан соң осындағы оқу ісі жөніндегі басқарманың басшысы секілді жауапты қызметті атқарып жүргенімде, Астанадағы Еуразия ұлттық университетіне Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры болып жұмысқа шақырылдым. Бірақ көп ұзамай, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оқу ісі және жаңа технологиямен оқыту жөніндегі проректоры қызметіне шақыру алдым. Құп алдым.

Өйткені, кіндік қаным тамған Қызылордадан кейінгі екінші бауыр басқан жерім осы табиғаты көусар, адамдары дарқан өңір емес пе.

Ғылыми жетекшім көрнекті тұлға

– Жалпы ғалым жұмысының жемісті болуы, оның жетекшісіне байланысты деседі. Сондықтан, кандидаттық және докторлық диссертацияларыңызды қорғауда бағыт-бағдар берген тәлімгеріңіз жөнінде де әңгімелеудің реті келген сияқты?

– Жалпы, мен өзімді бақыттымын деп есептеймін. Себебі, ғылымдағы жетекшім өте білімді, көпті көрген өте зиялы тұлға. Өз басым елімізде Сейіт Қасқабасовты білмейтіндер жоқ шығар деп ойлаймын. Өйткені, ол Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қаншама ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындаған абыз ағаларымыздың бірі. Ол кісі әу баста Қостанайдан барған мені жылы қарсы алып, дер кезінде бағыт-бағдар берді. Мен де жетекшімнің нұсқауымен алған тақырыптарымды тынбай зерттедім. Сондықтан да есімі аталған ғылым қайраткеріне қашанда айтар алғысым шексіз.

– Сіз сұхбат барысында ерлі-зайыпты жас маман ретінде Қостанайда еңбек жолыңызды бастағаныңызды айтып қалдыңыз. Сіздің өміріңізді нұрландырып отырған Жәмила қарындасымыз жөнінде де қысқаша тілге тиек етсеңіз?

– Жәмила да сол Қызылорда өңірінің қызы. Екеуіміз институт қабырғасында бір топта оқыдық. Ол да сабаққа тиянақты да зерек болды. Оқу орнындағы озат студенттердің санатында есімі мақтаншыпен аталатын. Жәмила өте инабатты жан. Өскен ортасы да көпке танымал. Екеуіміз сол институтты бітірген жылы шаңырақ көтердік. Қостанайға жас маман ретінде қол ұстасып бірге келдік. Ол да білікті кадр ретінде Қостанайда өзін жан-жақты көрсетті. Біраз жылдар өзім жұмыс істеген филология факультетінде оқытушы болды, кейін Сырбай Мәуленов атындағы қазақ гимназиясына ұстаз болып ауысты. Ондағылардың айтуына қарағанда, ол білікті мұғалімдер санатында. Жайсаң мінезімен еріптестерінің құрметіне бөленіп, шәкірттерінің ең сүйікті де сыйлы адамына айналған.

– Сізбен сұхбатымыз жарасты. Отбасында қанша бала тәрбиеледіңіздер? Олар қазір қайда

оқиды немесе жұмыс істейді?

– Қызмет өз алдына, өмірдің мәні де, сәні де ұрпақ өсіру емес пе? Үш ұлымыз да осында дүниеге келді. Олар туған жеріміз көкөрай шалғынды, әсем де көрікті Қостанай қаласы деп өте орынды айтады. Зайыбымыз екеуіміз өзгелерге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп қана қоймай, ұлдарымызды да ана тілімізде оқыттық. Тұңғышымыз Абылайхан Алматы қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінің мұнай-газ факультетін бітірді. Бұл күндері Қызылорда шаһарындағы үлкен бір мұнай компаниясында жемісті жұмыс атқарып келеді. Екінші перзентіміз Абай Астанадағы таңдаулы оқу орындарының бірі - Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультетінде оқып жүр. Ол – болашақ заңгер. Маған оның намысқойлығы, ұлтжандылығы ұнайды. Жәмила екеуіміздің сүйікті баламыз Әлихан қолымызда. Ол облыс орталығындағы №24а қазақ бастауыш мектебінің үшінші сынып оқушысы. Ол да өз ана тілімен қатар орыс және ағылшын тілдеріне де зерек.

Алмасбектің өзгеше қырлары

– Алмасбек Ахметбекұлы, сіздің ана тіліне жетіктігіңіз өз алдына, қаламгерлік, көсемсөзші сынды қасиеттеріңіз де бар. Тағы біз байқамаған қандай қырларыңызды айта кетесіз?

– Әкем Ахмет пен шешем Күләй өздері ұстаз болған соң ба, біздің жастайымыздан жан-жақты болып өсуімізге көп көңіл бөлді. Көркем әдебиеттерді жастығымыздың астына қойып оқыдық. Сондықтан болар, қаламгерлік қабілетім де бар. Оны жұртшылық республикалық «Ана тілі», «Айқын» секілді газеттермен қатар «Abai.kz» порталдарынан оқып жүрген болар. Жұрттың алдында ойымды еркін әрі ашық жеткізетін қабілетім студент кезімнен басталды. Көсемсөзші ретінде де замандастарым құрметтейді. Ғылымдағы жазған монографияларым және тың тақырыптағы еңбектерім де баршылық. Менің ең жақсы көретін ісім, яғни таза ауада серуендеу. Табиғат аясында көп жүру. Спорттың баскетбол түрімен де шұғылданамын. Оны өзіммен бірге жүрген замандастарым жақсы біледі.

Өздеріңіз секілді қолына қалам ұстаған ағалардың жылы лебізі кейінгі іздеріңізді басып келе жатқан бізге де қанат бітіреді. Осы сұхбатымда айттым ғой, әдебиетті ерекше жақсы көремін. Сондықтан қолым қалт етсе жазу үстеліне отырамын. Кітап дүкендеріндегі жаңадан шыққан кітаптарды оқып, танысқанша асығамын.

– Жалпы шығармашылықпен айналысатын адамдар жылдың түрлі кезеңдерін ұнатады. Біреуі көктемді, екінші біреу жайдары жаз айын деген секілді. Сіз бұл жөнінде не дер едіңіз?

– Мақтанғаным емес, жұмысыма берілген адаммын. Ғылыми мақала жазу бағытында да тынбай ізденемін. Ал мынау шығармашылық жағына келгенде өзім көбінесе салқын, яғни күз, қыс айларын жақсы көремін. Сондықтан демалыс күндері қолыма қалам алып, алтын уақытты текке жібермеуге тырысамын.

Әңгімелескен Оразалы ЖАҚСАНОВ, журналист

Жігітке жеті өнер де аздық етеді

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Әбсадықовпен әңгіме

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Әбсадықов Қостанай облыстық «Меценаттар клубының» «Ғылым» аталымы бойынша «Қазына» сыйлығын алды. Ғалымды осы жетістігімен құттықтай отырып, журналист Оразалы Жақсановтың ғалыммен сұхбатын оқырмандар назарына ұсынамыз.

Сыр өңірінің перзенті

– Зиялы қауым Қызылорданы «сыр елі, жыр елі» деп өте орынды айтады. Өйткені, ол өңір біздің Қостанай секілді ұлтымызға талай қайталанбас тұлғалар берген. Сізді де сол құнарлы топырақтың перзенті деп естиміз?

– Ол рас. Қызылорданың қазақ елінің тарихында өзіндік алар орны ерекше. Кезінде Қазақстанның астанасы да болды. Көптеген рухани ордаларда мәдениетіміздің өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан, есімдері алтын әріппен жазылған ағаларымыз бен апаларымыз қызмет етті. Қазір де аталған өңірдегі бауырларымыз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне лайықты үлестерін қосып жатқаны көпке аян болса керек. Әлгінде сіз өте орынды айттыңыз. Қызылорда сыр елі, жыр елі болып барша қандастарымыздың санасында жатталып қалған.

Мен де аталған облыста дүниеге келдім, ұстаздардың отбасында тәрбиелендім. Ата-анам байырғы мұғалімдер. Соларға еліктедім бе, әлде кішкентайымнан сөз өнерін пір тұттым. Мектепті аяқтаған соң, сол аймақтағы ең таңдаулы оқу орындарының бірі бұрынғы Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының Қазақ филологиясы факультетіне түсіп, оны үздік аяқтадым. Қолыма дипломды алған соң, Білім және ғылым министрлігі бізді арнайы жолдамамен Қостанайдағы ең іргелі оқу орындарының санатындағы мемлекеттік педагогикалық институтына оқытушы етіп жіберді. Содан бері өмірім мен ұстаздық қызметім Қостанаймен тығыз байланысты. Уақыт деген сынаптай сырғып, білдірмей өте шығады екен. Қазір қарап отырсам, соған да тұп-тура 23 жыл болып қалыпты. Жарым Жәмила екеуіміз жас маман ретінде еңбек жолымызды әлгі жоғары оқу орнында бастадық. Қостанайдың халқы да бізді туған бауырларындай қарсы алды. Олармен тонның ішкі бауындай араласып кеттік. Өзіміздің институтта алған білімімізді алдымыздан дәріс алған шәкірттеріміздің бойына сіңіруге тырыстық. Бұл күндері өткен күндерге көз жүгіртсем, өзімнің шәкірттерімнің, көбісі еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті жұмыс атқарып, өздері де кейінгі жастарды тәрбиелеп жатқаны мені шексіз қуантады.

Қай қалаға барсам да өзімнен дәріс алған студенттерім: «Алмасбек аға, қош келісіз!» деп, ілтипат танытып жатқан кезде әжептәуір марқайып қаламын. Қостанай ыстық мекеніме айналды.

– Шынында да, сіз, яғни кешегі институтты



үздік бітірген жас маман киелі Қостанай жерінде республикамызға танымал дарынды ғалым болып қалыптастыңыз. Қаншама абырой мен беделге бөлендіңіз. Осы жөнінде де ойыңызды таратыңқырап айтып берсеңіз?

– Жалпы, «Оқу инемен құдық қазғандай» деп босқа айтпайды. Себебі, өзім университеттегі Қазақ филологиясы факультетінде деканның орынбасары және басқа да жауапты жұмыстарда жүргенде ғылыммен шындап айналыстым. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында ғылыми тәжірибеден өттім. Әрине, оған көп қажыр-қайрат жұмсадым. Көптеген жылдарым Алматыдағы Ұлттық кітапханада көз майымды тауысқан зерттеу жұмыстарына арналды. Содан, арада төрт жыл өткен соң, 1998 жылы Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінде «Абылай туралы аңыздар» деп аталатын тақырыпта өзімнің кандидаттық диссертациямды сәтті қорғап шықтым.

Елордадан ғылым кандидаты болып оралғанда Қостанайда бірге жұмыс істеп жатқан әріптестерім маған үлкен сенім артты. 1999-2003 жылдары Қазақ әдебиеті мен журналистика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалдым. Көп өтпей осы университеттегі қазақ және орыс филологиясы институты директорының орынбасары болып бекітілдім. Ғылыми жұмысымды одан өрі жалғастырдым. Соның

«АТТАНДЫҚ САПАРҒА, КӨҢІЛДЕ – МОЛ АРМАН...»

Уақыттың ұшқырлығын институтты бітіріп, қолыма диплом алғанымда мойындағандаймын. Кеше ғана мектеп қабырғасынан шығып, Ұлттық біріңғай тест тапсырып, қалаған мамандығымды игеру үшін Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына түскен едім. Төрт жыл бойы институт қабырғасында жүріп, білім нәріне сусындадым, студенттік шақтың қызығы мен қиындығын да көрген секілдімін.

Студенттік кездің қызығы өркімге де түсінікті болар. Ал «қиындығы» дейтінім, аталарымыз оқуды, білім алуды «инемен құдық қазғандай» деп сипаттаған екен. Оқытушы берген тапсырмалар мен өз бетімізше жауапкершілік алып, кітапханадан шықпай, кітапқа үңілу қажырлы еңбекті қажет етеді. Әрине, көңіл өрекіп тұрған жастық шақта кітапқа үңіле беруге көптеген студенттердің шыдамы жетісе бермейді. Біз осындай сәттерді студенттік кездің «қиындығына» байлайтын едік. Бірақ қиындықсыз, кедергілерді жеңбей, төзімділік көрсетпей өмірде биіктерге көтеріле алмайтынымызды есейе келе түсіндік. Мысалы, институтта жақсы оқып, теориялық білім алмасақ, ертең қызметке барғанда да қайтарымы жұмыс істей алмас едік. Мен осы тұрғыдан алғанда, ұстаздарыма, диплом жетекшім Жанетта Ильинична Кан апайыма алғысымды білдіремін. Олар маған кеңестер айтып, бағыттар көрсетті.

Институт ректоры профессор Қуат Баймырзаевтың қолынан диплом алып тұрып, бірге оқыған құрбыларымызмен бірге мен де ерекше толқығандай болдым. Себебі, институт бізге құстың ұясындай

ыстық екен, біз оның қамқорлығының, қолдауының арқасында еркін жүрдік. Диплом алған соң, білім ордасымен қоштасарда енді жалғыз желкенге мініп, ашық айдыңға кетіп бара жатқандай сезімде болдық. Ата-ананың қамқорлығы да бізге енді көп көмек бола алмасы анық. Өйткені біз ер жеттік. Әрқайсысымыз жұмыс тауып, өз бетімізше күн көреміз, қайта ата-анамызға нанымды жегізуіміз керек.

Мен Қостанай мемлекеттік педагогика институтының Педагогикалық психология факультетін бітірдім. Оқу үдерісі барысында мектептерде, колледждерде тәжірибе сабақтарын алдым. Мамандығымның қырсырын біле түскендей болдым. Педагог психологтардың алдына болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жанын ізгі ету мақсаты қойылады. Мен Затобол ауыл шаруашылығы колледжінен жұмыс таптым. Онда психолог және психология пәні мұғалімі қызметтерін атқаратын боламын. Жас маманға институттан кейін бірден жұмыс орнын табу үлкен табыс екенін білемін.

Диплом алған күні курстас құрбыларымызбен достарымызбен туған қаламыз Қостанайдың орталығындағы гүлзарда қыдырдық. Демалдық. Бірақ өзіміз білім алған білім ордасымен қоштасуымыз жастық шақпен



қоштасу емес, біздің өміріміз енді басталды. Білім ордасы біздің сол үлкен өмірге үкілеп шығарып салды. Биыл жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге ақ жол болсын, өмірде олардың алдынан жақсы адамдар кездессін деп тілеймін!

Жазира АҒЫБАЕВА,
Қостанай мемлекеттік педагогика институтының түлегі

ТАБЫСТЫҢ КӨЗІ АУЫЛДА

Қазір қол қусырып отыратын заман емес. Ізденбесең, талпынбасаң мүмкіндіктен де, пайдадан да қағыласың. Ал Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елдің ішкі мәселелерін шешіп, экономикалық және әлеуметтік жағдайды нықтау үшін 5 тапсырма берген болатын. Соның ең біріншісі орта таптың үлесін көбейту, орта және шағын бизнесті дамыту керектігі екенін айтты. Осыны жақсы түсінген аманкелділік ағайынды Ералы мен Берік Мырзабаевтар еңбектен қашпады, аталарымыздың құрығын қолынан тастамады. Олардың табанды ізденісі, еңбегі далаға кетпеді, бейнеттің жемісін көріп отыр.

Жас жігіттер осыдан 5 жыл бұрын



тікелей тұтынушыларға жеткізіледі. Мұның да басы-қасында ағайынды екі жігіт жүреді. Тынбай еткен еңбектің пайдасы да мол дегенді тілге тиек етті кәсібінің нәсібін көріп отырған азаматтар. Сұраныс болса қымызды кезкелген жерге жеткізіп беруге дайын еңбек ұжымы өзгеріс Қостанай облысына тұрақты қымыз саудалайды.

— Қымыздың құрамы таза бие сүтінен тұрады. Біз тек таза, сапалы қымыз өндіреміз. Өнімге күмән келтірушілер шығып жатса лабораториялық сараптама арқылы дәлелдеп беруге дайынмын. Жалпы ауыл шаруашылығы — нағыз табыстың көзі. Ауылда кәсіптің көзін табуға мүмкіндік зор. Жұмыссыз жүрген жігіттер еңбектенсе табысы болады, — дейді кәсіпкер жігіттер.

Расында, ауылдарда бос жүрген жастар аз емес. Олар іс бастауға тартыншақтай береді. Қазір қаржы жағынан қол ұшын беретін бағдарламалар да жеткілікті. Тек тиянақтылық болса, талпынса істің дөңгеленіп кетеріне сенуге болады. Бос жүргенмен ешкім ештеңені сырттан әкеліп бермейді. Ауылда табыс табуға, іс ашуға талпыныс жасап келе жатқан жастардың қатары көбейсе өзінің де, өзгенің де әлеуметтік тұрмысы көтерілері сөзсіз. Жастар талаптанбаса, тәуекелге бармаса уақыт оларды күтпейді.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 2 курс студенті



қорадағы жылқы басын көбейтіп, қымыз өндірісін қолға алады. Олардың отбасылық жоспары өз нәтижесін бергелі қашан. Шаруасы ірілене келе, «Қонысбай Қырықмылтық» шаруа қожалығы деңгейіне дейін жетеді. Олардың жылқышысы да, сауыншысы да өз әулетінен шықты. Аманкелді ауданының Құмкешу ауылында тұратын Ералының 3 баласы бар, тапқаны отбасына молынан жетеді. Одан бөлек ағайын-туысына қарасу үшін де жұмысына ерекше мән береді. Отбасы қымыз өндіруге әбден қалыптасып алған. Келіншегі уақытын өткізбей бие сауса, әжесі қымызды баптап, күбі пісуге көмек беріп отырады. Осылайша жұмыла өндірген сапалы қымыз өндіруші тараптан

сөзімнің дамуына әсер ететін басты құбылыс. Түрік тілі — ең бай тілдердің бірі. Оның тек саналы түрде қолданылғаны ләзім. Елің, мәртебелі тәуелсіздігін қорғай білген түрік ұлты тілін де шет тілдердің мойынұтығынан құтқаруға тиіс» деген әйгілі пікірі де түрік тілдес халықтарды біріктіретін мазмұнға ие.

Әлі есімде, Түркияның президенті болған көрнекті тұлға Тұрғыт Өзал қайтыс болды деген хабарды естіген сәтте сену қиын болды. Өйткені, осы жама-нат хабар естілерден бір-екі күн бұрын ғана оның қазақ жеріне келгенін, мешітке кіргенін, Түркістанда болып, Қожа Ахмет Иассауидің қабіріне зиярат қылғанын теледидар арқылы көрген едім. Оның, әсіресе, Жоғарғы кеңесте сөйлеген сөзіне ерекше риза болып едік. «Түркия — анажұртымыз болса, қазақ жері — біздің атамекеніміз» деген сөз иісі қазақты тебіrentкен еді. Енді бүкіл түрік дүниесіне қамқорлық жасауды басты міндетім деп есептеген сол қайраткер арамызда жоқ дегенге қалай ғана сенерсің?! Топырағы торқа болсын, жарықтық, Тұрғыт Өзал, сол жолы бой жазып, атамекенімен қоштасып, анажұртында көз жұмған екен ғой. Ажалға қанша қимасақ та, бұл да абыройлы өлім.

Қазақтың көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынов: «Мен бұқтым, жаттым, Сен бұқтың, жаттың, Кім істемек қызмет? Ауызбен айтып, Істерде қайтып, Жоламансақ не міндет? Тек жүрсе тоқ жүрмек-ті, Қиын деме білмекті» — деді. Түрік қаламгері әрі қайраткері Назым Хикметтің: «Мен жанбасам лапылдап, Сен жанбасаң лапылдап, Біз жанбасақ лапылдап, Түнек қалай ашылмақ» — деген жолдары Ахмет Байтұрсынов өлеңінің аудармасы секілді естіледі. Мұндай ой ұқсастығы, пікір сабақтастығы түрік тілдес ұлт ақындарының көпшілігінде жиі жолығады.

Мысалы, түркімен ақыны Мақтымқұлы: «Алып таулар, биікпін деп шіренбе, түбі сен де жермен-жекпен боларсың» — десе, қабарда ақыны Алим Кешоков:

Биік таулар қырау шалған самайын,
Көрген кезде жанарыңды арбайды.
Құзар шыңдар биікпін деп айтпайды,
Одан бірақ, аласарып қалмайды. — деп осы ойды сабақтай түседі.

Қазақтар ана тіліне аударып алып, шырқап жүрген поляктың «Таңертеңнен бір сұлу қыз суға келеді» — деген әні де, көптеген қазақ ақындарының шелек ұстап, су тасыған қазақ қыз-келіншектері туралы жырлары да бір кездегі ауыл көрінісін көз алдымызға алып келсе, башқұрт ақыны Әлфия Қырымқожинаның:

Қолаң шашты аймалайды жел ерке,
Көңіл көлі қалмас әсте суалып.
Көк шалғындай көйлек киіп таңертең,
Башқұрт қызы келе жатыр су алып, — деп келетін өлеңінен лирикалық кейіпкерінің бет-бейнесін айқын көрсетеді.

Түріктің ұлы ақындарының бірі, сопылық поэзияның белді өкілі Жүніс Әмірені біз Қожа Ахмет Яссауидің ізбасары, рухани мұрасын жалғастырушы есебінде танимыз. Оның қайырым мен сауап, жақсылық пен сабыр туралы жырлары кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Ақынның: «Бет-пердеңді ысырсаң, Қайран, Жүніс — күнәң көп, Шын сыйынсаң



Бір Алла кешіреді — күмән жоқ!» (аударған Алматы Исәділ) дегені де риясыз шындық емес пе?! Ақындардың жырлары сезім қылын шертеді, жүрек сырын ақтарады. Түрік шайыры Неджат Жұмалы: «Мен бүгін қапалымын. Ағара ма қарайған ала көңіл? Өзгеше ертең, бірақ, болады өмір» — деген болса, Зия Көкалып: «Мешіт — біздің қазармамыз, Шатыр — біздің дулығамыз. Мұнаралар — көк найзамыз, Құлшылықты құп аламыз» — деп ағынан ақтарылса, осы заманда өмір сүріп отырған Әли Аббас Шынар «Қазақстан» деп аталатын жырында:

Мың жылдық сағыныш, мың жылдық махаббат,
Жол түсіп жеріңе келдім мен, Қазақстан!
Шет елде емеспін, уайым жемеспін,
Атамның шыққан жері сен, Қазақстан!
Әли Аббастың айтылып ең ізгі тілегі,
Махаббат деп қана соғады жүрегі.

Ауыр сөз ешқашан келмейді тіліме,
Түркиямен бірге мың жаса, Қазақстан! — деп екі елдің татулығы мен бірлігін жырға қосады. (бұл өлеңдердің барлығын аударған Ақылбек Шаяхмет).

Гүржістанда тұратын түрік шайыры Осман Ахметоғлы «Арқамда — Хазар, алдымда — дағылар (таулар)» — десе, оның бұл сөздерінен кең далада алшаң басқан, ат құлағында ойнаған, Арқасын тауға тіреп, қастасқан жауына қарап шіренген жауынгер батыр бабалар рухын сезгендей боламыз.

Түрік тілдес халықтардың музыкалық аспаптарының да шыққан тегі бір екені кейінгі кезде әңгімеге жиі өзек болып жүр. Әл-Фараби көне музыкалық аспаптардың шығу тегін табиғаттағы дыбыстар мен дауыстарға балап, судың ағыны, құмның сусылы, желдің уілі, қамыстың сыбдыры секілді табиғат құбылыстарымен байланыстырады. Ежелгі түрік фольклорлық ескерткіштерінде аты аталатын кейбір музыкалық аспаптар: сырнай, жетіген, шаңқобыз, сыбызғы, дабыл, дауылпаз, керней, дутар, т.б. көпеген түрік тілдес халықтарда бар. Кейбірі уақыт өте келе әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерге ұшыраған. Олардың арасында ұрмалы, үрмелі, шерпелі аспаптар бар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, түрік тілдес халықтардың тамыры бір, тілдері ұқсас, салт-дәстүрлері сабақтас, сондықтан олардың мақсат-мүддесі де бір арнада тоғысқаны ләзім.

ТЕРЕҢ ТАМЫРЛАР



Ақылбек ШАХМЕТ, ақын, филология ғылымының кандидаты

«Күлтегін» жазуында түрік халқының біртұтастығы мен елдігіне қатер төнген тұстағы ел басындағы күй тайға таңба басқандай бейнеленген:

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Тағаш халқының тепкісіне көнгендігінен,
Арбауына сенгендігінен,
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бектері, халқының жауласқандығынан,
Түркі (түрік) халқы елдігін жойды,
Қағандығынан айырылды;
Тағаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түркі бектері түркі атын жоғалтып,
Тағаш бектердің тағаш атын тұтынып,
Тағаш қағанына бағынды.

Басын өзге елдің ноқтасына тыққан бағынышты елдің көретін күнін осылай бердерлеген жыр халықты ынтымаққа, бірлікке шақырды.

Түрік бірлігінің біртұтастығы мен тіл, әдебиет, дін, тарих және мәдениет саласындағы көкейтесті мәселелер түрік тілдес халықтардың қай-қайсысын да толғандыратыны анық. Қазақ халқының ұлттық көсемі Әлихан Бөкейханов: «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» – десе, ұлт зиялысы Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде:

«Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мухәббат, уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!...Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан, ер халық. «Кімнен таяқ жегендей Біздің түріктің баласы, Алдырып жүрген дұшпанға Ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін күшімізді біріктіріп, иін тірестіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қараң. Мұны ұмытпау керек! Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар!» – деп тебірене сөйлеген болатын.

Түрік десе жүрегі қан жылаған Мағжан Жұмабаев «Алыстағы бауырыма» деп аталған жырында:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында,
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым! – деп туысқан түрік жұртымен бірге қайғырып, мұңына мұңдасып:

Япырмай, айырылды па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен, ауырды ма, бітіп халы?!
От сөніп жүректегі, құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?! –

деп бір жағынан торықса, бір жағынан бауырластарының қайратын қайрады, жігерін шыңдады. Түріктер қазақ ақынының аталмыш өлеңінің Мұстафа Кемал Ататүрік бас болған ұлттық көтерілістің туы тігіліп, Түркия жерін жатжұрттықтардан босату кезінде жазылғанын жақсы біледі. Ал арада 70 жыл уақыт өткен соң түрік шайыры Фейзуллах Будақ «Мағжанға жауап» деп аталған өлеңін жазды. Қазақ режиссері Марат Қоңыров түсірген «Мағжан» деректі фильмінің тұсаукесері Түркияның Стамбул қаласында өтуі және түрік ағайындардың қызығушылығын туғызғаны да осы өлеңге байланысты. Мағжанның: «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған, Түріктің Тәңір берген нәсібі ғой» – деген тамаша жолдары бүкіл түрік жұртының ұранына айналды.

Мұстафа Кемал Ататүрік Ислам дінін халыққа таратуға көп үлес қосты. Оның тапсырысы бойынша муфти Мұхаммед Хамди Құранды түрік тіліне аударған. Бұхаридің хадистер жинағын да Ататүрік осы ғалымға аудартып, кітапты шығару үшін өз қалтасынан қаражат берген. Ататүріктің 1927 жылы Парламент мінбесінен: «Біздің көршіміз Кеңестер одағы күндердің күні құлайды. Бірақ ол жерде біздің ағайындарымыз, қандас бауырларымыз бар. Біз солармен байланысты үзбеуіміз керек. Біз соған дайын болуымыз керек. Тіл деген бір көпір, тарих бір көпір, мәдениет деген көпір, осы көпірлерді құлатпауымыз керек. Сол бауырларымызбен біз өте жақын қарым-қатынаста болуымыз керек» деп айтқаны оның бауырлас халықтар келешегіне деген берік сенімін көрсетсе керек.

Ататүріктің: «Ұлттық сөзім мен тіл арасындағы байланыс өте күшті. Тілдің ұлттық деңгейде және бай болуы – ұлттық

«АРҚАЛАҒАНЫ АЛТЫН...»

Қалам, қойындәптер, камера, микрофон, фотоаппарат, диктофон... Журналистке керектінің тізімі. Осылардың икемі мен ыңғайын таба білген нағыз майталмандардың мерекесі де келіп жетті. 28 маусым - Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні. Осы орайда облыстағы бұқаралық ақпарат құралдарында жалпы журналистика саласында тер төгіп жүрген әріптестеріміздің пікірлері мен құттықтауын ұсынамыз.



Нұрқанат БҰҚАБАЕВ, «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының шеф-редакторы:
XXI ғасыр – ақпарат алааманы. Бұқаралық ақпарат құралдарының, иә сол «mass-media»-ның қазіргі уақытқа дейінгі аралығын қарасақ, дүдәмал көп болған. Әуелгілер телевизия жұрт біткенді өзіне қаратса, газет-журнал оқитын, радио тыңдайтын жұрт қат заман туады десіп еді. Келді ғой сол уақыт. Өтті де, өктем үнді, ақпарат кеңістігіне өзге құбылыс боп енген интернет-журналистика бұқараны электронды беттеріне «тәуелді» етті. Бүгінде «анау кетіп, мынау келді» деген журналистиканың мөнісін өзгертпек емес. Әңгіме мақаланы да, хабарды да түрлендіріп, түлететін жаңашылдықта болса керек. Ақпаратты құралдың қайсысы арқылы жеткізсек те, журналистиканың қоғам алдындағы жауапкершілігі өсте өзгермейді.
Ілгері басқан БАҚ-тың жетегіне ілесемін деп, ұлттық айшықтарымызды айғыздамағанымыз абзал. Өзгеден бәсі басым шұрайлы тіліміздің өзге жұрттардан артықшылығын ескергеніміз

жөн-ау. Оны оқырман мен тыңдарманға, көрерменге бояуын жүдетпей жеткізген жөн. Иә, қазіргі жас журналистерге, зор үміт артылып отыр. Алдыңғы буынның үдесінен шығу-шықпауды әр жас қаламгердің өз шамасы көрсетеді. Алайда, еңбекті ұлттық журналистиканың көсегесін көгертуге арнамасқа амал жоқ.



Қымбат ДОСЖАНОВА, «Қостанай таңы» газетінің тілшісі:
Бұқаралық ақпарат құралдарын төртінші билік деп айтамыз. Шын мәнінде журналистердің әлеуметтік мәртебесі қандай? Не мемлекеттік қызметке, не мәдениет саласына жатпайды. Ал тілші қауымының атқарып жүрген қызметі, еңбегі өлшеусіз.
БАҚ – билікпен халықтың арасындағы дөңкер. БАҚ – қоғам өмірінің айнасы. Тұтынушылар аудиториясын ақпараттандырып, қоғамдық ортаға ой тастайды, пікір өрбітеді. Журналист халықтың айтарын, жағдайын баршаға жеткізеді. Бұқараның мұң-мұқтажын баяндайды. Ал журналисті қорғап, қолдап жатқан кім бар?.. Осындай жауапкершілігі мол жұмысты атқарып жүрген сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Еңбекте табыс тілеймін.
Бір ауыз сөзбен адамды жылатуға да, жұбатуға да болады. Қара сөздің құдіретін көрмейсіз бе! Ендеше журналистердің қолында үлкен күш бар. Ол әрине, сөз. Сондықтан әр журналистің айтары ойы мағыналы, жазары мол болсын. Мереке құтты болсын!
Әзірлеген Гүлнұр КӘКІМБЕК

ЖУРНАЛИСТИКА ШЫҒАРМ

28 маусым - Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні. Бұл дата 1991 жылы «Баспа және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның қабылданған күніне орайластырылған. Айта кетейік, 2004 жылдан бері Қазақстандағы журналистер күні маусым айының соңғы жексенбісінде тойланып келді. Ал ҚР Президентінің 2011 жылдың 20 қазанындағы №164 Жарлығына сәйкес журналистердің кәсіби мерекесі маусымның 28-і күніне белгіленді.

Журналист мамандығы - қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты сала. Әрбір кәсіптің өз мамандығы болатыны секілді, журналистік мамандық та өз саласы бойынша пайда болған. Өз шығармашылығы арқылы қоғамға да, адамға да қызмет ететін, қашан да жаңаның, жаңалықтың жақтаушысы, қолдаушысы бола алатын осы маман иелерінің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді.

Болашақ журналистердің университет қабырғасынан жазуға төселіп, мамандықтың қыр-сырына қанығып, бейімделуі теориялық біліммен қатар, практикалық машықтануды талап етеді. Осы орайда А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы жанынан Медиа-студия құрылған болатын. Оның құрамына республикалық «Жас өркен-Қостанай» журналы, студенттік «Білім жарысы» газеті, «Жастар ТВ» оқу теле-студиясы мен «Жастар» радиосы топтастырылды. Негізгі мақсаты: болашақ журналистердің теориялық білімдерін тәжірибемен шыңдау.

2003 жылдан бері үзіліссіз шығып келе жатқан республикалық «Жас өркен - Қостанай» журналы Қазақстанның солтүстік өңірінде ана тілімізде жарық көріп отырған жалғыз журнал. Алғашқы шығарушы редакторы белгілі журналист, ғалым, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің доценті Байтұрсын Илияс болатын. Журналда белгілі ғалымдардың, қаламгерлердің, оқытушылардың және жастардың тарихи тақырыпқа және мәдениет пен әдебиетке байланысты терең мағыналы мақалалары жарияланып келеді. Қазіргі уақытта «Жас өркен-Қостанай» журналы жазылу басылымдарының республикалық ката-



ұтқызып, уақ-түйек қалғанына арақ ішіп сандалып келе жатқаны» деп суреттейді.


А.Сегізбаевтың шығармаларында 20-30 жылдардағы ел ішіндегі саяси-әлеуметтік жағдай егжей-тегжейлі, нанымды суреттелген. «Шырынкүл шынын айтты», «Шер жүректі Күләйша» әңгімелерін тебіренбей оқу мүмкін емес. Өзінен жасы көп үлкен Жұмағали деген молдаға еріксіз шыққан Шырынкүлдің, ашаршылық кезінде әке-шешесі бір үзім нанға Иманқұл деген біреуге сатып кеткен соң тұлдыр жетім қалған Күләйша деген 10 жасар қыз баланың көрген қорлығын әңгіме желісіне арқау етіп алады.

– Қазақ журналистикасының бастауында тұрған тұлғаның бірі Аманғали Сегізбаевтың есімі ұмытылмас үшін не істеу керек?

– Мен алдымен мынаны айтайын. Аманғали Сегізбаев өз уақытының өлшемімен алған өте білімді адам боған. Осы орайда Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры, академик Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаевтың жерлесі әрі жақын туысы Аманғали Сегізбаев туралы естелігінен мынадай жолдарды оқырман назарына ұсынудың артықтығы болмас: «... Аманғали Сегізбаев ұстаз ретінде менің нағыз тәлімгерім еді. Ол Москвадағы Журналистердің коммунистік институтын 1929 жылы бітіріп белгілі жорналшы, жазушы болды... Жас ұрпақты тәрбиелеуге ол бар жан-тәнімен берілген нағыз шынайы педагог еді. Балаларын жанындай жақсы көретін өте қарапайым, ашық-жарқын, әзіл-қалжыңды ретті жерде ғана айтатын абзал адам болатын. Менің пайымдауымша, ол ешқашан биік лауазым иесі болуға құлшыныс танытқан емес, басшылар алдында мәймөңкелік мінез көрсеткен жоқ. Оның өмірдегі басты мақсаты мен бақыты – еркін шығармашылық еңбекпен айналысып, туған халқы мен партияға адал қызмет ету болды... 1942 жылы армия қатарына алынып Кенигсберг (Калининград) түбіндегі фашистермен ұрыста ерлікпен қаза табады. Соның алдында ғана сәл бұрын маған жазған соңғы хатын былайша аяқтаған екен: «Жау кері шегініп барады, біздің жеңіске жетуімізге көп қалған жоқ. Егер мен елге аман-есен оралмасам, балаларымды саған аманат етемін. Олардың есейіп, қанаттанып кетуіне қамқорлық жасарсың...». Т.Дарқанбаев хат иесінің бұл аманатын толығымен орындаған. Аманғали орыс даласында опат болғаннан кейін ұлы мен қызын Алматыға алдырып, мейлінше қамқорлық жасаған..

Оның есімі өшпес үшін журналистика мамандығында Аманғали Сегізбаев шығармалары кеңінен оқытылуы тиіс. Оның шығармаларының жазылу стилінен, уақыт көрінісін бере білуінен бүгінгі жастардың үйренері көп. Аманғали Сегізбаевтың

есімін мәңгі есте қалдыруға байланысты нақты іс-шаралар жүргізу аса қажет. Рас, ол көп жылдар қызмет еткен «Егемен Қазақстан» газеті



редакциясының ғимаратында естелік тақтада оның есімі бірінші тұр, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында түскен суреттері де бар. Оның туған жері, қазіргі Денисов ауданы орталығындағы тарихи өлке-тану музейінде арнайы экспозицияда есімі жазылған. Алдағы уақытта абзал азамат, қабырғалы қаламгер, бүгінгі ұрпақтың жарқын болашағы үшін қан майданда ерлікпен қаза тапқан Аманғали Сегізбаевтың құрметіне аудан, облыс орталықтарында бір көшеге немесе бір оқу – орнына оның есімі берілсе құба құп болар еді. «Аруақ риза болмай, тірі байымайды», - деген ғибратты сөз тегіннен тегін айтылмаған болар.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА

«Қазақ журналистикасындағы ардақты есім – Аманғали ұмытылуға тиісті емес»

дейді жазушы Ғұмар АХМЕТЧИН

Қостанай-Торғай өңірінде туып, ат жалын тартып мінген, қазақ әдебиеті мен журналистикасына аз өмірінде үлкен еңбек сіңіріп кеткен тұлғаның бірі Аманғали Сегізбаев болатын. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза болған қаламгер туралы жазушы Ғұмар Ахметчиннің айтып беруін сұраған едік.

– Ғұмар Ғарифұлы, Аманғали Сегізбаев кім еді? Кейінгі жылдары оның аты ауызға алына бермейді.

– Аманғали Сегізбаев өткен ғасыр басындағы жаңа өмірдің – кеңес дәуірінің тыныс-тіршілігін, шежіресін көркем әдеби шығармаларымен бейнелеуге өзінің қомақты үлесін қосқан қостанайлық жерлесіміз еді. Мен оның атын алғаш рет республикамыздағы жалғыз жоғары оқу орны - Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университеті) Журналистика факультетінде сырттай оқып жүргенімде профессор Темірбек Қожакеевтің дәрісінде естіп едім. Аса білімдар ұстаз көзден таса, көңілден қалыс қалған қарымды қаламгердің Қостанай облысының тумасы екендігінен, өмірінен кең мағлұмат берді. Аманғали ұмытылуға тиіс емес. Соғысқа бармағанда мүмкін, артында мұнан да көп дүние қалдырар ма еді? Әңгіме, тіпті оның аз, көп жазғанында емес, оның жазғандарының сом алтындай салмақты, көркемдігінде ғой. Мен оны қазақ журналистикасындағы қазықтардың бірі деп білемін.

–Талай арыстарды соғыстың жалмағаны рас. Аманғалидың артында қандай шығармалары қалды?

– Жақында Облыстық әмбебап кітапханасына барып жоғарыда есімі аталып өткен ұстазымыз Темірбек Қожакеевтің құрастыруымен 1977 жылы «Жазушы» баспасынан шығарылған Аманғали Сегізбаевтың «Дала жұлдыздары» атты әңгімелер мен фельетондары топтастырылған кітабының бар-жоқтығына сұрау салып едім. Абырой болғанда, біреуі табылды-ау. Таралымы – 34 мың екен. Қазіргі кітап таралымымен салыстырсаң аспан мен жердің арасынан да алшақтау шығар, деген ой есіңе еріксіз оралады. Кітапқа филология ғылымының докторы, профессор Т.Амандосов пен филология ғылымының кандидаты, жазушы М.Мағауин рецензия жазыпты. Жазушының бұл тұңғыш кітабына оның небары ірілі-уақты он бес шығармасы енгізілген. Өйткені автордың жазғандарының қолжазбалары сақталмаған, жарияланғандары жинақталмаған. Газет-журналдарда басылғандарының бәрін де

қолмен көшіруге тура келген. Бұл орайда профессор Б. Кенжебаев пен журналист Н.Мағзұмовтың сіңірген еңбектері аса зор.

Көлемі жүз беттей ғана кітапты бас алмай, бір кеште оқып шықтым. 20-30 жылдардағы дәуір сипаттамалары - керітартпа әдет - ғұрып, салт - сана, әйел теңсіздігі, байлар мен кедейлердің күресі, дүмше қожа-молдалардың айуандық іс-әрекеттері, қалыңмал және басқа да тұрмыстың көлеңкелі жәйттері көз алдыма көлбеңдеп тұра қалды. Бақытсыз әйелдердің зарлы дауыстары, құлдықта, қорлықта жүрген ер-азаматтардың, аш-жалаңаштардың күңіренген үні құлаққа шалынып жүрегімді тебірентті. Жас балалардың жабырқау, мұңды, аянышты бейнелері елестеп, түпсіз терең ой-қиял тұңғығына батырды. Аманғали Сегізбаевтың шығармаларын оқығаннан түйгенім: қаламгер өз кейіпкерлерінің образын өте шебер сомдаған, оларды, түр-тұлғасын, қимыл-қаракетін, мінез-құлқын жеке басының адамгершілік қасиеттерін жіті суреттегені, төрт мезгілдегі табиғат құбылыстары мен кейіпкерлердің көңіл-күйі сабақтаса өріліп, оқырмандарды алдын-ала оқиға желісінен хабардар етеді; қай шығармасынан да айшықты сөз мәйегі сирек кездесетін теңеулер, фразеологиялық тіркестер орынды қолданылған мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін кейбір шығармаларынан мысалдар келтірейік. «Базылбек» деген әңгімесінде автор кейіпкерін оқырмандарға былайша таныстырады: «Үстінде көк шұға желең, аяғында резеңке, әміркен мәсі, белінде жібек белбеу, басында құндыз бөрік, қолында алтын балдақ, екі беті қып-қызыл дөңгелек көзді, жалпақ маңдайлы, қиылған жіңішкелеу қасы бар, Базылбек қисайып бір жағында отыр... Шынында Базылбек мақтауға сыятын жігіт. Ол әрі оқыған ашық пікірлі, әрі халыққа да жағымды, жұрт ұнатпайтын теріс мінезі жоқ. Оңды қияпатты, дін ашар сөзге шебер, бас қосқан жерде жұртты бір күлдірмей қоймайды. Базылбек өз қатарының алды...». Кейіпкер сырт көзге осылай көрінеді. Әңгіменің желісінде байқалғандай, Базылбек жұрт айтқандай керемет жігіт емес, ол шынында дүниемен қайғысы жоқ, жөндеп бала оқытуы да шамалы. Аңдығаны... қыз, баққаны ойын... Кеш болса іздегені алтыбақан. Ешбір уайымды өңінде түгіл, түсінде көрген емес секілді. Ол соңғы кезде қарт ойнауды кәсіпке айналдырып, төрт-бес жылдың ішінде ұтылумен болады. «Осы сапарында,- дейді автор,- жиырма пұт бидайдың ақысымен бір қашар, бір өгіздің пұлын

АШЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛЕДІ



логына енгізілген және республикамыздың барлық аймақтарына тарайды.

Университеттік «Білім жарысы» газетінің алғашқы саны 1998 жылдың 22 наурызында шықты.

Газеттің «Білім жарысы» деп аталуының өзі А.Байтұрсыновтың мақаласымен аттас және студенттер газеті де А.Байтұрсынов дәстүрлерін берік ұстап, білім және тәрбие беру функцияларын қатар атқарып келеді.

Студенттер газет материалдарының негізгі авторлары - әртүрлі халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары. 2012 жылы «Білім жарысы» газеті студенттік БАҚ арасында Алматыда өткен халықаралық форумға, 2013 жылы Челябині қаласында өткен (300 қатысушы болған) халықаралық фестивальға қатысып, «Үздік жастар газеті» номинациясы бойынша екінші орынға ие болды.

2000 жылы кафедра жанынан құрылған оқу-телевизиялық студия соңғы жылдары студенттердің сандық технологияны игеру мақсатында заманауи техникамен жабдықталған. Телестудияның негізгі функционалдық мақсаты - студенттердің, болашақ тележурналистердің, бейнебаян түсіру, дыбыстық және бейнелік монтаж жасауға машықтану, телережиссураның негізі микшерлік және режиссерлік пульттің мүмкіндіктерін меңгеру.

Оқу-телевизиялық студиядағы жұмыс шығармашылық атмосфера тудыруға, оқу үдерісін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Телестудия бейнекамералар мен сандық монтажда арналған компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

«Жастар» радиосы 2010 жылы құрылған университетіміздегі ақпараттық-сазды бағдарламаларды тарататын радио желісі. Студенттерге арналған әндер, авторлық бағдарламалар, хабарландырулар мен құттықтаулар екі тілде шығарылып отырады. Күнделікті жаңалықтармен қатар «Күлкі керуені», «Мәңгілік алау», «Қайырлы күн!», «Поэзия жауһары», «Университет-тарих толқынында», «Ақ тілек» атты авторлық радиобағдарламалар да эфирге беріліп тұрады.

Сонымен қатар оқыту барысында жұмыс берушілердің талап-тілегін ескеріп, сапалы, білікті маман даярлап шығару қолға алынған. Осыған байланысты «Журналистика» мамандығы бойынша Қамқоршылар кеңесі құрылған болатын. Кеңестің құрамына Қостанай облысы бұқаралық ақпарат құралдарының жетекшілері кіреді. Қамқоршылар кеңесінің ұсынысы бойынша сабақ кестесінде «шығармашылық күн» енгізіліп, студенттердің тәжірибелік жұмысы БАҚ-пен тікелей байланыста, яғни өндірістегі тәжірибеге бағытталып жүргізілуде.

Амангелді ШӨРЕНТАЕВ



А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да оқуды таңдаудың басты себептері:

Қостанай мемлекеттік университеті – Солтүстік Қазақстандағы негізгі білім беру мекемесі, аумақтағы ғылыми және мәдени орталық. Бұл мемлекеттік мәртебедегі жоғарғы оқу орынының көпжылдық дәстүріне қаныққан биік дәрежедегі сапалы білім арудың кепілі.

Еңбек нарығында сұранысы кең мамандықтар қатары – университет 34 бакалавриат мамандығы, 21 магистратура мамандығы және 4 PhD докторантура мамандығы бойынша кадрларды дайындайды.

Қазіргі заманауи білім беру технологиялары – студенттерге болашақ жұмыс орнына байланысты өзінің оқу бағдарламасын әзірлеудің, ең үздік оқытушыларды таңдаудың, қазіргі заманауи жабдықтарды қолданудың, өндірістік ортада оқудың, бизнес-жобаларды әзірлеуді үйренудің мүмкіндіктерін береді.

Практикаға бағытталған оқыту – әлеуетті жұмыс

берушілер өздеріне қажет мамандарды дайындауға тікелей қатысады: олар оқыту курстарын қалыптастыруға қатысады, сабақтарды өткізеді. Оқу сабақтары мен практикалар тікелей кәсіпорындарда, кафедралардың кәсіпорындардағы филиалдарында өткізіледі.

Еуропалық білім беру кеңістігіндегі тығыз интеграция – академиялық ұтқырлық аясында, халықаралық жобалар мен студент алмасу бағдарламалары «Темпус», «DAAD» және басқалар арқылы студенттер қазақстандық және шетелдік ЖОО-да оқу және тәжірибе алуға болады. Италия, Германия, Финляндия, Австрия, Испания, Польша, Чехия Республикасының белгілі университеттері А. Байтұрсынов ҚМУ-дың серіктестері болып табылады.

Бай материалдық-техникалық база.

Дәрісханалар. «Білім орталығы» білім-ақпараттық кешені. Спорт кешендері. Тракторлар мен автокөліктерді оқыту цехы. Медиа-студия. Ветеринарлық клиника.

Студенттерді әлеуметтік қолдау – ЖОО гранттары: ректордың «Үміт», «Мәдениет», «Тілдамыту» және академик Кенжеғали Сағадиев атындағы білім гранттары студенттерге **100%**, университеттің күндізгі бөлімінде оқитын жетістіктері жоғары (GPA 4.0) студенттерге конкурстық негізде оқу ақысынан бір семестрге **100%** жеңілдік, ата-анасы (балалар үйлері мен мектеп-интернаттар) жоқ университет студенттері үшін оқу ақысы **50%** және университет жатақханасында тегін тұру, ұлттық және халықаралық деңгейде ғылым, мәдениет және спорт жетістіктері

үшін студенттерге оқу ақысынан **25%, 50% және 100%** жеңілдіктер қарастырылған.

Спортты дамыту, ғылыми және шығармашылықпен айналысу мүмкіндіктері – университетте студенттердің жеке қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Спорттық секциялар, студенттік «Өнер» студиясы (вокал, музыка, хореография және поэзия мен импровизация), КВН және оның көшбасшысы – «13 район» командасы, «Ахмет ұрпақтары» дебат клубы және тағы басқалар.

«Ахмет ұрпақтары» дебат клубы. «Өнер» студиясы. Көңілді тапқырлар клубы.

Мамандықтар	Білім беру бағдарламалары	Қосымша пән (4 баллдан кем емес)	Бейімдікпән (7 баллдан кем емес)
Гуманитарлық әлеуметтік факультет, тел. 51-11-44			
Филология: Қазақ тілі	1. Аударма ісінің аспектілері (кадрлық іс) 2. Кітапхана ісі	Әдебиет	Ана тілі
Филология: орыс тілі	1. Аударма ісінің аспектілері (кадрлық іс) 2. Кітапхана ісі	Орыс әдебиеті	Ана тілі
Аударма ісі	1. Мәдени аралық коммуникация саласындағы аударма 2. Аударма және менеджмент негіздері	Шетел тілі	Шетел тілі
Шетел тілі филологиясы	1. Қолданбалы лингвистика және мәдени аралық коммуникация 2. БАҚ-да жұмыс атқару	Шетел тілі	Шетел тілі
Психология	1. Психология ендірісте 2. Психология білім жүйесінде	Биология	Биология
Журналистика	1. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары 2. Қоғаммен байланыс	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
Тарих және құқық факультеті, тел. 51-11-53			
Құқықтану	1. Қылмыстық-құқықтық қызмет 2. Кәсіпкерлік қызметті заңмен қамтамасыз ету 3. Азаматтық-құқықтық қызмет 4. Әкімшілік-құқықтық қызмет	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы

Аймақтану	1. Аумақтық-административтік басқару 2. Консультативтік-сарапшы қызмет	Шетел тілі	Шетел тілі
Тарих	1. Тарих және этноконфессионалды қатынас 2. Мұрағат ісі және құжаттану	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы
Экономикалық факультет, тел. 55-84-50			
Экономика	1. АБҚ экономикасы 2. Өнеркәсіп экономикасы	География	Математика
Менеджмент	1. Коммерциялық менеджмент 2. Агроөндіріс менеджмент	География	Математика
Есеп және аудит	1. Коммерциялық өндіріс секторындағы есеп 2. Агро өндіріс секторындағы өндіріс 3. Бюджеттік ұйымдардағы есеп	География	Математика
Қаржы	1. Банк ісі 2. Қаржылық менеджмент	География	Математика
Мемлекеттік және жергілікті басқару	1. Мемлекеттік басқару 2. Жергілікті басқару	География География	Математика Математика
Маркетинг	1. Коммерциялық маркетинг 2. Агроөндіріс маркетинг	География	Математика
Ақпараттық технологиялар факультеті, тел. 51-11-98			
Математика	1. Математикалық және компьютерлік моделдеу 2. Сақтандыру және актуарды математика	Физика	Математика
Информатика	1. Компьютерлік графика және дизайн 2. Компьютерлік желілер және телекоммуникация	Физика	Математика
Ақпараттық жүйелер	1. Телекоммуникациядағы байланыс және басқару 2. Қаржы және экономикадағы ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету	1. Басқарудағы қорлаған автоматтандырылған жүйені бағдарламалық қамту 2. Дизайн и визуальная анимация	Физика	Математика
Инженерлік-техникалық факультет, тел. 55-85-17			
Аграрлық техника және технологиялар	1. Өндірістік-технологиялық қызмет 2. Сервисті-пайдалану қызметі	Физика	Математика
Технологиялық машиналар және жабдықтар	1. А/ш машина құрылысы 2. Металды өңдеу	Физика	Физика
Көлік, көліктік техника және технологиялар	1. Автомобильдерді техникалық пайдалану 2. Автосервис және фирмалық қызмет	Физика	Математика
Физика	1. Радиофизика және электроника 2. Прикладная физика	Физика	Физика
Электрэнергетика	1. Электр қондырғыларын пайдалану 2. Электр қондырғыларын монтаждау және қалпына келтіру	Физика	Математика
Аграрлық-биологиялық факультет, тел. 55-84-63			
Биология	1. Ландшафты дизайн 2. Орман тану	Биология	Биология
Экология	1. Биозология 2. Геоэкология	Биология	Биология
Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	1. Консерві және тағамдық концентраттар технологиясы 2. Қоғамдық тамақтандыру және арнайы тағайындалынған өнімдер технологиялары	Химия	Химия
Өңдеу өндірісінің технологиясы	1. Астықты сақтау және өңдеу технологиясы 2. Наң, макарон және кондитер бұйымдарының технологиясы	Химия	Химия
Стандарттау, сертификаттау және метрология	1. Астық кешеніндегі стандарттау, сертификаттау және метрология 2. Өңдеу кешеніндегі стандарттау, сертификаттау және метрология	Физика	Математика
Агрономия	1. Егіншілік 2. Малазығын өндіру	Биология	Биология
Ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультеті, тел. 55-85-68			
Биотехнология	1. Ветеринарлық биотехнология 2. Мал шаруашылығындағы биотехнология 3. Өсімдік шаруашылығындағы биотехнология	Биология	Биология
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	1. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясымен өңдеу негіздері 2. Мал шаруашылығындағы селекция және биотехнология	Биология	Биология
Ветеринарлық медицина	1. Емдік іс 2. Кинология және фелинология	Биология	Биология
Ветеринарлық санитария	1. Азық-түлік қауіпсіздігі 2. Ветеринарлық-санитарлық бақылау	Биология	Биология

Қосымша ақпаратты біздің веб-сайттан алуыңызға болады: www.ksu.edu.kz
Қабылдау комиссиясының мекенжайы: Қостанай қ., Абай д-лы 28, каб.114,
тел. 55-81-00, 55-84-55.
E-mail: kgu_centр_prof_trud@mail.ru